

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер
**БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
**НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

**ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН
БАҒАЛАР**

2 – бөлім Металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі кәсіпорындары

ЦЕНЫ НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 2 Предприятия металлургии, горно-рудной и угольной
промышленности

ҚР ЖБЖ 8.03-01-2025
СЦП РК 8.03-01-2025

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2025

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер
**БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
**НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ**

**ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН
БАҒАЛАР**

2 – бөлім Металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі кәсіпорындары

ЦЕНЫ НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 2 Предприятия металлургии, горно-рудной и угольной
промышленности

ҚР ЖБЖ 8.03-01-2025
СЦП РК 8.03-01-2025

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2025

Алғы сөз

1 ӨЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 125-НҚ бұйрығымен
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН	2026 жылғы 1 қаңтардан бастап
4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.11.2024 жылғы № 138-нқ бұйрығымен бекітілген ҚР ЖБЖ 8.03-01-2024 «Құрылыс үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағы»

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (КДС ЖКХ МПС РК)
3 УТВЕРЖДЕН	Приказом КДС ЖКХ МПС РК от 15 сентября 2025 года №125-НҚ
И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	с 1 января 2026 года
4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН	СЦП РК 8.03-01-2024 «Сборник цен на проектные работы для строительства», утвержденный приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 01.11.2024 года № 138-нқ

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

Мазмұны

1-кіші бөлім Қара металлургия.....	1
1-тарау Металлургия өндірісі.....	5
1702-0101-01-кесте – Толық циклды және қайта илемдеу металлургиялық зауыттары.....	7
1702-0101-02-кесте – Домналық өндіріс.....	8
1702-0101-03-кесте – Болат балқыту өндірісі.....	11
1702-0101-04-кесте – Болат балқыту өндірісінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	14
1702-0101-05-кесте – Болатты үздіксіз құю бөлімшелері.....	15
1702-0101-06-кесте – Илемдеу цехтары.....	17
1702-0101-07-кесте – Илеу цехтарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға арналған техникалық тапсырмалар.....	22
1702-0101-08-кесте – Құбыр цехтары.....	23
1702-0101-09-кесте – Құбыр цехтарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға арналған техникалық тапсырмалар.....	27
1702-0101-10-кесте – Ұнтақ металлургиясының объектілері.....	28
1702-0101-11-кесте – Ұнтақ металлургиясы объектілерінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	29
1702-0101-12-кесте – Ұнтақ металлургиясы объектілерін өндіру көлемінің өзгерісін есепке алатын құн коэффициенттері.....	29
1702-0101-13-кесте – Қожды қайта өңдеу өндірісі.....	31
1702-0101-14-кесте – Өктас цехтары.....	32
1702-0101-15-кесте – Жөндеу шаруашылығы және зертханалар.....	33
1702-0101-16-кесте – Қойма шаруашылығы.....	35
1702-0101-17-кесте – Цехаралық көлік.....	36
1702-0101-18-кесте – Бункерлік эстакадалар.....	38
1702-0101-19-кесте – Өндірістік байланыс объектілері.....	39
1702-0101-20-кесте – Автоматтандырылған басқару жүйесінің техникалық құралдар кешенінің объектілері.....	40
1702-0101-21-кесте – Энергиямен жабдықтау жүйелерін басқаруды диспетчерлеу.....	41
1702-0101-22-кесте – Жылу-күштік шаруашылық.....	44
1702-0101-23-кесте – Газ шаруашылығы.....	47
1702-0101-24-кесте – Орталық ағындық және сормалы желдету станциялары.....	49
1702-0101-25-кесте – Электр шаруашылығы.....	51
1702-0101-26-кесте – Жерасты желілері мен құрылыстарын топырақ коррозиясынан кезбе токтардың коррозиясынан электр-химиялық қорғау.....	51
1702-0101-27-кесте – Су бассейнін өндірістік сарқынды сулармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар.....	53
1702-0101-28-кесте – Сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық құрылыстары ..	53
1702-0101-29-кесте – Сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық желілері.....	54
1702-0101-30-кесте – Өнеркәсіптік ағындарды тазарту құрылыстары.....	55
1702-0101-31-кесте – Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар мен құрылыстар.....	58
1702-0101-32-кесте – Бас жоспар және көлік.....	59
1702-0101-33-кесте – Сусымалы жүктерді ерітуге арналған гараждар.....	60

2-тарау Кокс-химия өндірісі.....	61
1702-0102-01-кесте – Кокс-химия өндірісі	62
1702-0102-02-кесте – Кокс-химия өндірісінің цехтары мен қондырғылары.....	64
1702-0102-03-кесте – Жұмыс істеп тұрған кокс батареялары мен кокс машиналарына техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу объектілері .	65
3-тарау Ферроқорыту және құбыр құю өндірісі.....	66
1702-0103-01- кесте – Ферроқорыту зауыттары.....	68
1702-0103-02-кесте – Ферроқорыту өндірісінің объектілері	68
1702-0103-03 – Құбыр құю өндірісі.....	70
1702-0103-04-кесте – Ферроқорыту өндірісінің жекелеген құрылыстары	70
1702-0103-05-кесте – Ферроқорыту өндірісінің шлак өңдеу цехы.....	71
1702-0103-06-кесте – Ферроқорыту өндірісінің избес цехтары	71
1702-0103-07-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің жөндеу шаруашылығы	72
1702-0103-08-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің қойма шаруашылығы объектілері	73
1702-0103-09-кесте – Электротехникалық құрылыстар (ферроқорыту өндірісі кешенінен тыс жобаланатын).....	73
1702-0103-10-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің желдету шаруашылығы	74
1702-0103-11-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің газ шаруашылығы	74
1702-0103-12-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің жылу-күштік шаруашылығы құрылыстары	74
1702-0103-13-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің сумен жабдықтау және кәріз құрылыстары.....	75
1702-0103-14-кесте – Атқарушылық жобалық бас жоспар.....	76
1702-0103-15-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	76
4-тарау Металл сынықтарын қайта өңдеу кәсіпорындары.....	77
1702-0104-01-кесте – Металл сынықтарын қайта өңдеу кәсіпорындары	78
5-тарау Отқа төзімді өнеркәсіп кәсіпорындары	80
1702-0105-01 – Отқа төзімді зауыттар	82
1702-0105-02-кесте – Отқа төзімді цехтар	83
6-тарау Металл бұйымдары зауыттары.....	84
1702-0106-01-кесте – Металл бұйымдары зауыттары	85
1702-0106-02-кесте – Металл бұйымдары зауыттарының цехтары	85
1702-0106-03-кесте – Металл бұйымдары зауыттарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	86
1702-0106-04-кесте – Металл бұйымдары зауыттарының қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілері.....	87
1702-0106-05-кесте – Халық тұтынатын тауарлар цехы	88
1702-0106-06-кесте – Халық тұтынатын тауарлар цехтарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	89
7-тарау Агломерациялық фабрикалар	90
1702-0107-01-кесте – Агломерациялық фабрикалар	91

1702-0107-02-кесте – Агломерациялық фабрикалардың дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	91
2-кіші бөлімі Түсті металлургия	92
1-тарау Түсті металлургия	95
1702-0201-01-кесте – Мырыш, қорғасын, мыс балқыту және мысты электролиздеу зауыттары	95
1702-0201-02-кесте – Мырыш, қорғасын, мыс балқыту және мысты электролиздеу зауыттары (<i>жалғасы</i>).....	99
1702-0201-03-кесте – Никель-кобальт зауыттары.....	101
1702-0201-04-кесте – Алюминий және электрод өнеркәсібі өндірістері мен өңделімдері	104
1702-0201-05-кесте – Алюминий және электрод өнеркәсібі өндірістері мен өңделімдері (1 жалғасы)	110
1702-0201-06-кесте – Алюминий және электрод өнеркәсібі өндірістері мен өңделімдері (2 жалғасы)	115
1702-0201-09-кесте – Өндірістер мен қайта өңдеудің жекелеген түрлері.....	118
1702-0201-10-кесте – Титан және магний өндірудің корпусаралық инженерлік коммуникациялары, құрылыстары және құрылғылары	119
1702-0201-11-кесте – Сирек металдар мен жартылай өткізгіш материалдар өндірістерінің цехтары мен өңделімдері.....	119
1702-0201-12-кесте – Сутегі станциясы.....	123
1702-0201-13-кесте – Өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту құрылыстарының кешені	123
1702-0201-16-кесте – Екіншілік түсті металлургия зауыттары мен цехтары.....	124
1702-0201-17-кесте – Түрлендіру кіші станциялары	126
3-кіші бөлім Тау-кен өнеркәсібі	127
1-тарау Қара және түсті металлургияның, тау-кен-химиясының, асбест, отқа төзімді және флюстік шикізаттың тау-кен кәсіпорындары	128
1702-0301-01-кесте – Қара, түсті, сирек және асыл металдардың, құрамында алтын, алмас бар рудалардың, тау-кен химия, асбест, отқа төзімді және флюстік шикізаттың түбірлі кен орындарын қазу жөніндегі рудниктер	132
1702-0301-02-кесте – Шашылмалы кен орындарын драгалармен, экскаваторлы-гидромеханикаландырылған немесе гидромеханикаландырылған тәсілдермен қазатын кәсіпорындар.....	133
1702-0301-03-кесте – Ұсақтау-байыту фабрикалары.....	135
1702-0301-04-кесте – Маусымдық байыту қондырғылары.....	135
1702-0301-05-кесте – Руданы кесектеу фабрикалары.....	136
1702-0301-06-кесте – Ашық тау-кен жұмыстарының циклды-ағындық технологияларының ғимараттары мен құрылыстары.....	136
1-кесте - Карьер және шахта алаңдарын жерасты суларынан қорғауға арналған арнайы құрылыстарды жобалаудың күрделілік санаттары	137
1702-0301-07-кесте - Өлшеуіш-карьер (разрез), жер астындағы рудник (шахта)	138
1702-0301-08-кесте – Аумақтарды су басудан және жерасты суларынан, кен кәсіпорындарының қалдық шаруашылықтары әсері аймағындағы ластанудан қорғау.....	139
1702-0301-09-кесте – Рудалар мен концентраттарды темір жол вагондарымен және думпкалармен тасымалдау кезінде олардың қатып қалуының алдын алуға арналған арнайы қондырғылар	139

1702-0301-10-кесте – Пайдалы қазбалар кен орындарын жерастылық қазу кезіндегі толтыру кешендері	140
2-тарау Рудалық және рудалық емес құрылыс материалдары кәсіпорындары.....	141
1702-0302-01-кесте – Рудалы емес шикізат өндіретін карьерлер (өндірудің экскаваторлық тәсілі).....	144
1702-0302-02-кесте – Рудалы емес шикізат өндіретін карьерлер (гидромеханикландырылған тәсіл).....	144
1702-0302-03-кесте – Блоктар өндіру карьерлері.....	145
1702-0302-04-кесте – Әйнек шығаруға арналған кварц құмын байыту фабрикалары	145
1702-0302-05-кесте – Ұсақтау-сұрыптау және байыту кәсіпорындары.....	146
4-кіші бөлім Көмір өнеркәсібі.....	147
1-тарау Көмір және жанғыш тақтатас кен орындарын қазудың жерастылық тәсілі	151
1702-0401-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатас қазуды жерасты тәсілімен жүргізетін кәсіпорындар және жекелеген өндірістер	156
1702-0401-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары жерасты тәсілімен қазылатын жекелеген объектілер.....	157
2-тарау Көмір және жанғыш тақтатас кен орындарын қазудың ашық тәсілі.....	158
1702-0402-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары ашық тәсілімен қазылатын кәсіпорындар мен жекелеген объектілер.....	161
1702-0402-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары ашық тәсілмен қазылатын жекелеген объектілер	161
3-тарау Көмірді және жанғыш тақтатасты байыту және брикеттеу.....	162
1702-0403-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатасты байыту мен брикеттеу кәсіпорындары және жекелеген өндірістері	166
1702-0403-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатастарды байыту және брикеттеу жөніндегі жекелеген объектілер.....	167
4-тарау Кәсіпорындар мен өндірістерге ағымдағы жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау.....	168
1702-0404-01-кесте – Кәсіпорындар мен өндірістерге ағымдағы жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау өндірістік кешендері және жекелеген объектілері.....	170
5-тарау Шахталар мен рудниктер оқпандарының өтпелері және олардың қиылыстары, сондай-ақ әртүрлі тәсілдермен қазан-шұңқырлар салу.....	171
1702-0405-01-кесте – Оқпандар мен олардың қиылыстарын қазу және арнайы тәсілдермен қазан-шұңқырлар салу жөніндегі кешендер мен жекелеген өндірістер	173
5-кіші бөлім Көмір өнеркәсібінің жөндеу кәсіпорындары.....	174
1-тарау Көмір өнеркәсібінің жөндеу кәсіпорындары	176
1702-0501-01-кесте – Жөндеу кәсіпорындары	176
1702-0501-02-кесте – Жөндеу цехтары	176
В қосымшасы	178
Қосымша (ақпараттық).....	181
1-кіші бөлім Қара металлургия.....	181
1702-0101-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен..	181
1702-0101-02-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен..	183

1702-0403-01, 1702-0403-02-кестелерге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен	292
1702-0404-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен..	294
1702-0405-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен..	297
5-кіші бөлім Көмір өнеркәсібінің жөндеу кәсіпорындары.....	298
1702-0501-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен..	298
1702-0501-02-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен..	300

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР

2 – бөлім Металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі кәсіпорындары

НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЦЕНЫ НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 2 Предприятия металлургии, горно-рудной и угольной промышленности

Енгізу күні 2026-01-01

1-кіші бөлім Қара металлургия

Баға қолдану бойынша нұсқаулар

1 Осы кіші бөлімде:

- толық циклды және қайта илемдейтін металлургия зауыттарының (жобаларды әзірлеуге ғана);
- металлургия өндірісінің жекелеген цехтарының;
- қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілердің;
- энергия шаруашылығы, электрмен жабдықтау, механикалық көлік және байланыс цехаралық желілері мен құрылыстарының;
- бас жоспар мен көліктің;
- кокс-химия өндірісінің;
- ферробалқыту өндірісінің;
- құбыр цехтарының;
- қайталама қара металдарды қайта өңдеу;
- отқа төзімді өндіріс;
- метиз өндірісі кәсіпорындарының;
- халық тұтынатын тауарлар шығару цехтарының;
- агломерациялық фабрикалардың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге арналған бағалар келтіріледі.

Ресми басылым

2 Кіші бөлім бағаларында:

- құрылыс алаңының су деңгейін төмендетуді;
- тиісті кестелерде, сондай-ақ 5-тараудың бағаларын қолдану жөніндегі ережелердің 12 «а», «б» позицияларында санамаланған дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмаларды жобалау құны ескерілмеген.

Бастапқы талаптарды әзірлеу құны:

- өндіріс ағындары мен қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі су тазарту және басқа да құрылыстардың;
- жабдықтардың, құбырлардың және конструкциялардың жылу оқаулағышы мен химиялық қорғаушының;
- энергия шаруашылығының, электрмен жабдықтаудың цехішілік және жалпызауыттық жүйелері телемеханизациясының;
- өнеркәсіптік пештер үшін жылуды кәдеге жаратуды қоспағанда, ұшпалы түтін газдары мен желдеткіштік шығарылымдардың жылуын кәдеге жарату қондырғыларының;
- жер құнарлылығын қалпына келтірудің;
- санитарлық-қорғану аймағының техникалық тапсырмаларын әзірлеуге арналған баға бойынша айқындалады.

Құрылысы шетелде салынуға жататын объектілер үшін немесе импорт бойынша сатып алынатын жабдыққа арналған дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа жабдықты дайындауға арналған техникалық тапсырмаларды (бастапқы талаптарды) әзірлеу құны кіші бөлімде келтірілген 1,25 коэффициенті бар бағалар бойынша айқындалады.

3 Кіші бөлімнің бағаларында мынадай:

- арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін материалдар әзірлеу жөніндегі;
- цехтағы пеш шаруашылығын құрастыру жөніндегі;
- объектіні бірнеше бас мердігер салған жағдайда, құрылыс салу құнының ведомостерін жасау жөніндегі;
- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тапсырыс беруші ұсынуға тиіс жобалауға арналған бастапқы деректерді дайындау жөніндегі;
- өрт кезінде үй-жайлардан түтінді аластау бойынша іс-шаралар әзірлеу және өрт қаупі бар үй-жайлардың баспалдақ клеткаларындағы ауаның қысымын арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі;
- құрылыспен біріктірілген жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеумен, сондай-ақ құрылыстың тораптық әдісі ескеріле отырып туындаған шығындар мен жұмыстар ескерілмеген.

4 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорында құрылысын салуға (қайта жөндеуге, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға) жататын жеке өндірістің, цехтың жобасын әзірлеу құны өндірістің, қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілер цехының, цехаралық желілер мен құрылыстардың, бас жоспар мен көліктің жобасын әзірлеуге арналған бағаларды қосу жолымен айқындалады. Бұл ретте цехаралық желілердің барлық түрлерінің (электрмен жабдықтауды қоспағанда) жобасын әзірлеу құны тиісті зауыттың, кәсіпорынның жобасын әзірлеуге арналған құнның 7% дейінгі мөлшерде анықталады.

5 Зауыт жобасы кешенінен немесе жеке өндірістен тыс орындалатын өнеркәсіптік шығарылымдардан атмосфералық ауаны қорғау

жөніндегі іс-шаралар кешенін есептеу құны 0,038 дейінгі коэффициент қолданыла отырып, жобаны әзірлеуге арналған бағалар бойынша айқындалады. «Жұмыс құжаттамасы» сатысындағы бағаларда жобада қабылданған шешімдерден ауытқулар ескеріле отырып, атмосфераны қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенінің есебін нақтылау жұмыстары ескерілген. «Жұмыс құжаттамасы» сатысындағы осы жұмыстар орындалмаған жағдайда «Атмосфераны қорғау» құны бағадан алынып тасталады.

Су бассейнін қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенінің есебін әзірлеу құны осы бөлімнің бағасының 20%-ы мөлшерінде «Сумен жабдықтау және кәріз» жобасының бөлімінде ескерілген.

6 «Сәулет-құрылыс бөлімінің» бағаларында «Промэстетиканы» жобалау: «Жоба» сатысында – 10%, «Жұмыс құжаттамасы» сатысында – 5%, «Жұмыс жобасы» сатысында – 6% мөлшерінде ескерілген.

7 «Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында электр қозғалтқыштарын салқындатуды жобалау ескерілген.

8 Осы кіші бөлімнің бағаларында жапсарлас салынатын қосалқы, қосымша және тұрмыстық үй-жайларды жобалау ескерілген.

9 Құрылыс салудың тораптық әдісі ескеріле отырып жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде жобалаудың барлық сатыларындағы бағаларға 1.1 коэффициенті қолданылады.

Құрылыспен бірге орындалатын жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны 1,05 коэффициентімен жобалаудың барлық сатыларында айқындалады.

10 «Сәулет-құрылыс бөлімінің» бағаларында жобаланатын ғимараттардың терезелерін, есіктерін және қақпаларын ашуды механикаландыруды жобалау ескерілген.

11 Реттегіш органдары бар атқарушы тетіктердің буындасуларын жобалау құны «Автоматты түрде бақылауды және реттеуді» әзірлеу құнымен ескерілген.

12 «Жұмыс жобасын», «Жұмыс құжаттамасын» әзірлеу құны әрбір іске қосу кешенінің негізгі өндірістік және қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілерді, цехаралық желілер мен құрылыстарды, бас жоспар мен көлікті әзірлеуге арналған бағаларды қосу жолымен іске қосу кешендері бойынша айқындалады.

13 Осы кіші бөлімнің бағаларын қолдану кезінде Жалпы ережелерді де басшылыққа алу қажет.

14 Кеңейтуге, қайта жөндеуге және техникалық қайта жарақтандыруға арналған жобалау-сметалық құжаттаманың бөлімдерін және жобалау жұмыстары түрлерін әзірлеу құны жаңа құрылысқа арналған бағаның пайыздағы құнын ұсынылатын бөлу кестелері бойынша айқындалады.

15 Жобалауға арналған тапсырмада технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін (ТПБАЖ) және (немесе) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ӨБАЖ) әзірлеу көзделген жағдайда, бағадан ТПБАЖ-ға жататын бөлігінде «Автоматты түрде бақылауды және реттеудің» және (немесе) «Өндірісті жедел басқарудың» құны алынып тасталады.

16 Көрсеткіші ең аз көрсеткіштен аз немесе ең көп көрсеткіштен артық объектіні жобалау құны экстраполяциялау жолымен айқындалады. Бұл ретте түзету шамасы кестедегіден артық көрсеткіш кезінде 0,6 коэффициентімен, және кестедегіден аз көрсеткіш кезінде – 1,4 коэффициентімен қабылданады.

Жобаланатын объектінің негізгі көрсеткіші кестеде келтірілген көрсеткіштен төрттен аспайтын есеге артық немесе кем болған жағдайларда, жобалау жұмыстарының құнын экстраполяциялау жолымен айқындауға жол беріледі.

17 Тікелей бағалар келтірілген көрсеткіштердің арасындағы аралықта көрсеткіші орналасқан объектіні жобалау құны интерполяциялау жолымен айқындалады.

18 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, цехтарды, ғимараттар мен құрылыстарды қайта жөндеуге және техникалық қайта жарақтандыруға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны Жалпы ережелерге сәйкес бөлім бағалары бойынша айқындалады.

Осы құнға барлық кәсіпорынға, цехқа, ғимаратқа, құрылысқа қатысы бойынша кеңейтілетін, қайта жөнделетін, қайта жарақтандырылатын бөліктің үлес салмағын ескеретін төмендету коэффициенті енгізіледі.

19 Кіші бөлімдер кестелері мынадай бағандарды қамтиды:

- 1) Позицияның нөмірі
- 2) Жобалау объектісінің атауы
- 3) Объектінің негізгі көрсеткіші
- 4) а және b бағасының параметрлері («ЖҚ» сатысы үшін жобаланатын объект бағасының параметрлерін білдіреді). Мың теңгемен өлшенеді.
- 5) K1 – «Ж» сатылығының коэффициенті
- 6) K2 – «ЖЖ» сатылығының коэффициенті

20 Егер алаңды таңдау жұмыс жобасын (жобаны) әзірлеу кезінде жүзеге асырылатын болса, объектілер салуға арналған алаңды таңдау бойынша жобалау жұмыстарының құны жоба құнының 0,05 коэффициентін қолдана отырып, осы бөлімнің бағасы бойынша айқындалады.

20 Жобалау жұмыстарына арналған бағалар 2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы деңгейде есептелген.

1-тарау Металлургия өндірісі

1 1702-0101-01-кестеде 9 күрделілік санаты үшін толық циклды металлургиялық зауыттардың және 7 күрделілік санаты үшін қайта илемдеу зауыттарының кешенді жобаларын әзірлеуге арналған бағалар келтірілген.

2 Металлургиялық зауыттардың күрделілік санаты болат балқыту өндірісінің қуаты бойынша; болат балқыту өндірісі жоқ зауыттарда – илемдеу (құбыр илемдеу) цехының қуаты бойынша және дербес қайта илемдер саны бойынша айқындалады. Бұл ретте мыналар дербес қайта илемдер деп есептеледі: кен дайындау шаруашылығы, кокс-химия өндірісі, отқа төзімді өндіріс, домна цехтары, мартен цехтары, оттегілік-конвертерлік цехтар, электрмен болат балқыту цехтары, жартылай фабрикаттарды илемдеу жөніндегі цехтар, металды ыстықтай илемдеу цехтары, металды суықтай илемдеу цехтары, жабын цехтары, майысқан профильдерді илемдеу цехтары, құбыр илемдеу цехтары, құбырды электрмен дәнекерлеу цехтары, құбырларды суықтай созу цехтары, баллондар өндіру цехтары, метиз цехтары, тауар өнімдерін өндіру жөніндегі термиялық цехтар, тауар өнімдерін өндіру бойынша калибрлеу цехтары, тауар өнімдерін өндіру жөніндегі ұста-пресстік цехтар.

3 Барлық санаттағы зауыттардың жобаларын әзірлеуге арналған бағаларда мыналарды:

– тұрғын үй-мәдени және тұрмыстық құрылысты, аглофабрикаларды, кокс-химиялық, отқа төзімді, ферроқорыту, метиз, азоттық-туқты және құбыр өндірістерін, шлак өндеуді, ұнтақ металлургияны, сұйық металл мен кеуекті темірді, ЖЭО, ПВС, дизель электр станцияларын, сутегі, оттегі және тоңазыту станцияларын;

– аудандық құрылыс базаларын;

– жоғары легирленген болат маркаларынан илем өндіруді жобалау ескерілмеген.

4 Барлық санаттағы зауыттардың жөндеу шаруашылықтарының жобасын әзірлеуге арналған бағаларда тауар өнімдерін өндіруге арналып мамандандырылған цехтарды (сыдыру, ұста-пресстік, бастыру, құбыр құю, фитингілік, фасондық қосқыш бөліктер) жобалау ескерілмеген.

5 Зауыттар жобасының «Технологиялық бөлігі» бағаларында жобалау құны пайызбен көзделген:

Өндірістер мен шаруашылықтардың атауы	Санаттар бойынша толық циклды		Санаттар бойынша қайта илемдейтін	
	I – IV	V – IX	I – III	IV – VII
Домна	15,5	13,6	–	–
Болат балқыту	15,5	14,4	10,2	17,6
Болатты үздіксіз құю бөлімшесі	8	7,8	11,6	10,6
Илемдеу	31,1	35	41,6	39,2
Жөндеу	19,9	19,3	21,4	18,9
Зертханалар	3,8	4,2	6	5,6
Ізбестік	6,2	5,7	9,2	8,1
Жиыны	100	100	100	100

6 Егер металлургиялық кәсіпорынның ауа бассейнін қорғау іс-шаралары кешенін есептеу көрші кәсіпорындардың ықпалы ескерілмей орындалса, «Атмосфераны қорғау» бағасы кешенді бағаны тиісті түзетумен 35% төмендетіледі.

7 Барлық санаттағы зауыттардың кешенді жобасының «Сумен жабдықтау және кәріз» бағаларында осы өндірістердің аумақтарындағы аглофабриканы, кокс-химия цехын, метиздік және отқа төзімді цехтарды айналым циклдары мен цехаралық желілерді орнатпастан зауыттық желілермен қамтамасыз ету көзделген.

8 Барлық санаттағы зауыттардың кешенді жобасының «Бас жоспар және көлік» бағаларында аглофабриканы, кокс-химия цехын, метиздік және отқа төзімді цехтарды көлік байланыстарымен қамтамасыз ету ескерілген.

Зауыттың аумағында осы объектілер болмаған кезде «Бас жоспар және көлік» бөлігінің құны азаяды (кешенді бағаның төмендегідей тиісті түзетілуімен):

- аглофабрика – 2,5%;
- кокс-химия цехы – 3%;
- отқа төзімді цехтар – 0,5%;
- метиздік цехтар – 6,5%.

9 Барлық санаттағы зауыттардың кешенді жобасының «Байланыс, дабылдама және телевизия» бағаларында мыналарды:

- жерасты құбырлары мен кабельдерді коррозиядан 5% мөлшерінде электрлік қорғауды;
- сынамалар пневмокөлігінің автоматикасын 10% мөлшерінде жобалау ескерілген.

10 Жекелеген өндірістерді, цехтарды, ғимараттар мен құрылыстарды, цехаралық желілерді жобалаудың барлық сатыларында жобалауға арналған бағаларда топырақтың коррозиясынан және кезбе токтардың коррозиясынан электр-химиялық қорғау құны ескерілмеген.

1702-0101-01-кесте – Толық циклды және қайта илемдеу металлургиялық зауыттары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге
	Толық циклды зауыттар:	-	-
1	5 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 2 млн. т дейінгі, I санат	объект	547 753
2	6 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 2 млн. т дейінгі, II санат	объект	575 692
3	7 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 4 млн. т дейінгі, III санат	объект	638 621
4	8 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 4 млн. т дейінгі, IV санат	объект	687 480
5	8 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 6 млн. т дейінгі, V санат	объект	793 686
6	9 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 6 млн. т дейінгі, VI санат	объект	824 422
7	8 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 9 млн. т дейінгі, VII санат	объект	964 445
8	9 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 9 млн. т дейінгі, VII санат	объект	981 822
9	9 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 11 млн. т дейінгі, IX санат	объект	1 071 611
	Қайта илемдеу зауыттары:	-	-
10	1 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 0,5 млн. т дейінгі, I санат	объект	324 307
11	2 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 0,5 млн. т дейінгі, II санат	объект	335 579
12	2 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 1 млн. т дейінгі, III санат	объект	375 074
13	Өнімділігі 1 млн.т/жыл дейінгі сапалы болат өндіретін, IV санат	объект	400 440
14	2 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 1 млн. т дейінгі, V санат	объект	454 017
15	3 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 1 млн. т астам, VI санат	объект	489 210
16	Өнімділігі 1 млн.т/жыл астам сапалы болат өндіретін, VII санат	объект	503 955

2 Металлургиялық зауыттардың жекелеген өндірістері, цехтары, ғимараттары, құрылыстары, цехаралық желілері

1 Өндірістердің, цехтардың, құрылыстардың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын бағаларда меншікті өндірісті, цехты, ғимаратты, құрылысты жобалау құны ескерілген.

2 Қуат, өнімділік көрсеткіші бойынша кестелерде келтірілгендерден ерекшеленетін өндірістерді, цехтарды, ғимараттарды, құрылыстарды жобалау құны, егер баға қуаттың, өнімділіктің бір көрсеткішіне келтірілсе, көрсеткіштер сәйкес келген кезде және кестедегі көрсеткіштен 15% аспайтын шамада асып кеткен кезде келтірілген бағалар бойынша айқындалады. Кестедегі көрсеткіштен 15% астам шамада асып кеткен кезде баға өнімділіктің әрбір толық 10% ұлғаюы үшін 10% ұлғаяды (15% тысқары). Өнімділік көрсеткіші кестедегіден төмен болған кезде бағаға төмендету коэффициенті енгізіледі.

3 «Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында «Сантехникалық жүйелерді автоматтандыруды» 10% мөлшерде жобалау ескерілген.

4 Жоғары легирленген болаттар мен қорытпаларды өндіруге арналған илемдеу цехтарын немесе басқа да цехтарды салуға арналған

жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны осы тарауда келтірілген бағалар бойынша 1,2 коэффициентімен айқындалады.

2.1-Домналық өндіріс

1702-0101-02-кесте – Домналық өндіріс

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Домна пешінің өзін; дөңгелек нысандағы құю ауласын; газ-ауа өткізгіштері, ғимараты, пешті «тартуға» арналған құбыры, түтін құбыры, «Снорт» клапаны және ауаны бәсеңдеткіші бар ауаны қыздырғыштар блокты; газ өткізгіштері бар шаң ұстағышты; пешті басқару ғимаратын; лифтіні; сүзгілер үй-жайын қоса алғанда, көлемі	-	-	-	-
1	5580 м³ домна пеші	пеш	805 456	0,26	1,13
2	3200 м³ домна пеші	пеш	521 771	0,26	1,13
3	колошникті көтергіш ғимаратын 2700 м³ домна пеші	пеш	451 872	0,26	1,13
4	колошникті көтергіш ғимаратын 2000 м³ домна пеші	пеш	379 259	0,26	1,13
5	колошникті көтергіш ғимаратын 1386 м³ домна пеші	пеш	290 442	0,26	1,13
6	тік бұрышты нысандағы бір құю ауласы бар көлемі 1719 м³ домна пеші	пеш	343 687	0,26	1,13
7	тік бұрышты нысандағы бір құю ауласы бар көлемі 1033 м³ домна пеші	пеш	233 913	0,26	1,13
8	Ізбес ерітіндісін дайындау бөлімшесін, сорғы станциясын, тұндырғыштарды, жиектеу және маневрлік құрылғыны, электр-техникалық үй-жайды, аспирациялық қондырғыларды қоса алғанда, жүк көтергіштігі 140 тонна шойын тасымалдаушыларынан шойын төгуге арналған төгу машинасы	машина	142 098	0,26	1,13
9	Күкірттендіргішпен үрлеуге арналған шойынды шөмішті орнату учаскелерін, фурм жөндеуді, күкіртсіздендіру бункерін, электр-техникалық үй-жайды, басқару пульттерін қоса алғанда, шойынды күкіртсіздендіру бөлімшесі	бөлімше	91 235	0,26	1,13
10	Қаптауышты, кептіргішті суықтай және ыстықтай жөндеу учаскелері, отқа төзімді материалдар мен бұйымдары бар қоймасы бар шойынтасығыштарды отқа төзімді жөндеу депосы	депо	96 581	0,26	1,13
11	Шөміштердің қаптамаларын үзуге, тазартуға және ыстықтай жөндеуге арналған учаскелері бар, шойынтасығыштарды тазарту депосы	депо	32 004	0,26	1,13
12	Шикізат қоймасы, өнімдер дайындау және дайын өнімдер беру учаскелері бар, отқа төзімді массалар дайындау бөлімшесі (сусыз леткалы массалар, шойын летка мен науалар қабын қаптауға арналған массалар)	бөлімше	43 111	0,26	1,13

2.2 Болат балқыту өндірісі

1 1702-0101-03-кестеде болат балқыту өндірісі объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағалары келтірілген.

2 Кестенің бағаларында зертханалар мен шеберханаларды жобалау ескерілмеген, олар әдетте, бірнеше цех үшін ортақ болып табылады. ЭШП, ВДП және ВИП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтарындағы арнайы шеберханаларды жобалау құны осы цехтарды жобалау құнында ескерілген.

3 Кестенің бағаларында болатты пештен тыс өңдеуге арналған қоспалар дайындау бөлімшелерін, әкімшілік-тұрмыстық корпусы, төгілмелі материалдарды цехқа беру трактысын, сұйық ферроқұймаларды дайындау бөлімшесін жобалау ескерілмеген.

4 Кестенің бағаларында қоректендіру қондырғысы мен конверторлық цехтар үшін бу-аккумуляторлық қондырғыны осы қондырғыларды цехқа орнату кезінде жобалау бағасының 1,1% мөлшерінде жобалау ескерілген. Көрсетілген қондырғыларды цехтан тыс, энергия шаруашылығы бөлімшелеріне орнату кезінде оларды жобалау құны конвертерлік цехты жобалау құнынан алынып тасталады.

5 Білтелері және толық жағу қондырғысы бар түтін сорғышты жобалау құны конвертерлік цехтарды жобалауға қойылатын бағаларда ескерілген және цехты жобалау бағасының 3,7% құрайды. Түтін сорғыштың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу құнын ұсынылатын бөлу 1702-0101-22-кестеде келтірілген.

6 Үшінші конвертер орнату арқылы конвертер цехын кеңейту кезінде жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағасы екі конвертері бар конвертерлік цехтарды жобалауға қойылатын баға бойынша 0,7 коэффициентімен; доғалы пештері бар болатты электрмен балқыту цехын кеңейту кезінде – әрбір келесі пешке 0,6 коэффициентімен айқындалады.

7 Доғалы пештері бар болатты электрмен балқыту цехтарының (7-11 поз.) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын баға пештердің саны өзгерген кезде жобалау құнына қойылатын коэффициенттер қолданылып айқындалады.

Пештердің саны:

- 2 – 0,8 дейін;
- 1 – 0,5 дейін азайған кезде.

Пештердің саны ұлғайған кезде – әрбір келесі пешке 0,2 коэффициентімен.

8 Сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын баға (12 – 18 поз.) сұйық металдың төмендегі санын өңдеуді қамтамасыз ететін бір қондырғының құрамындағы бөлімшеге айқындалған, млн. т/жыл:

- 12 – 0,6 поз.;
- 13 – 1 поз.;
- 14 – 1,7 поз.;
- 15 – 0,7 поз.;
- 16 – 1 поз.;
- 17 – 0,7 поз.;
- 18 – 1 поз.

9 Бірнеше қондырғының құрамындағы металды пештен тыс өңдеу бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағасы 1702-0101-03-кестенің 12 -18 позициясы бойынша құнды біріншіден басқа 0,9 коэффициентті қондырғылар санына көбейтумен анықталады.

10 ЭШП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары үшін (19 – 21 поз.) пештердің саны 30% аспайтын шамаға өзгерген кезде жобалау бағасы өзгермейді. Қалған жағдайларда цехты жобалау құнын айқындау кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады:

– пештердің саны азайған кезде:

30-дан 50% дейін – 0,8;

50-ден астам 80% дейін – 0,6;

80% астам – 0,4;

– пештердің саны ұлғайған кезде:

30-дан 50% дейін – 1,2;

50-ден астам 80% дейін – 1,4;

80% астам 100% дейін – 1,6.

11 ВДП және ВИП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары үшін (22 поз.) пештердің бөлімшелерін жобалау құны тиісінше әрқайсысы үшін цехты жобалау бағасының 50% құрайды. Әрбір бөлімшедегі пештердің саны 20% аспайтын шамаға өзгерген кезде бөлімшелерді жобалау бағасы өзгермейді. Қалған жағдайларда әрбір бөлімшенің жобалау құнын айқындау кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады:

– пештердің саны азайған кезде:

30-дан 50% дейін – 0,8;

50-ден астам 80% дейін – 0,6;

80% астам – 0,4;

– пештердің саны ұлғайған кезде:

30-дан 50% дейін – 1,2;

50-ден астам 80% дейін – 1,4;

80% астам 100% дейін – 1,6.

12 ВИП және ВДП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары үшін (23 поз.) пештердің бөлімшелерін жобалау құны жобалауға қойылатын жалпы бағаның тиісінше 70% және 30%-ын құрайды.

Шағын пештері бар (2 тоннаға дейінгі құймасымен) және ірі пештері бар (10 тоннаға дейінгі құймасымен) ВДП пештерінің бөлімшелері бөліктерінің құны тиісінше 40% және 60% құрайды.

ВДП бөлімшесінің әрбір бөлігі пештерінің саны 20% аспайтын шамаға өзгерген кезде бөлімшелердің тиісті бөліктерін жобалау бағасы өзгермейді. Қалған жағдайларда ВДП бөлімшесінің әрбір бөлігін жобалау құнын айқындау кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады:

– пештердің саны азайған кезде:

30-дан 50% дейін – 0,8;

30-ден астам 80% дейін – 0,6;

80% астам – 0,4;

– пештердің саны ұлғайған кезде:

30-дан 50% дейін – 1,2;

50-ден астам 80% дейін – 1,4;

80% астам 100% дейін – 1,6.

Сыйымдылығы 25 тоннаға дейінгі бір пештің құрамында ВИП пештерінің бөлімшелерін жобалау кезінде жобалау құны 0,24 коэффициентімен 23 позиция бойынша қабылданады. Пештердің саны ұлғайған кезде (2 астам) әрбір келесі пешті жобалау құны 0,09 коэффициентімен қабылданады.

13 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмаларды әзірлеу құны 1702-0101-04-кестесінің бағалары бойынша айқындалады.

1702-0101-03-кесте – Болат балқыту өндірісі

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Конвертерлік бөлімшенің (аралықтар: конвертерлік, жиынды, болат құю шөміштерін дайындау және жөндеу, шлакты шөміштерді қайта орнату, басқару постылары мен электр үй жайлары); шойын құю бөлімшесінің немесе миксер бөлімшесінің; білтелері және толық жағу қондырғысы бар түтін сорғыштың; жоғары қысымдағы сорғының; қоректік және бу-аккумуляторлық бөлменің құрамындағы конвертерлік цех (БҮҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз). Конвертерлер ізбес шақпағында қиыстырылған үрлемемен жұмыс істейді; газ бөлетін тракт – көміртегі шала тотығы толық жағылмайтын схема бойынша (конвертерлік газдарды пайдаланбай); шойын мен сынықты конвертерлік бөлімшеге беру 0.00 белгісінде	-	-	-	-
1	2 конвертермен (130 дейін) дана (сыйымдылығы т)	цех	631 663	0,23	1,12
2	3 конвертермен (130 дейін) дана (сыйымдылығы т)	цех	802 351	0,23	1,12
3	2 конвертермен (160-250) дана (сыйымдылығы т)	цех	780 304	0,23	1,12
4	3 конвертермен (160-250) дана (сыйымдылығы т)	цех	918 039	0,23	1,12
5	2 конвертермен (300-400) дана (сыйымдылығы т)	цех	1 008 243	0,23	1,12
6	3 конвертермен (300-400) дана (сыйымдылығы т)	цех	1 266 882	0,23	1,12

1702-0101-03-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Шихталық, сусымалы материалдар, электр пеші, бөлу, қаптау, желдету станциясы бөлімшелерінің құрамындағы 3-тенғалы пеші, сыйымдылығы				
7	25 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	433 239	0,23	1,12
8	50 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	481 956	0,23	1,12
9	100 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	700 531	0,23	1,12
10	150 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	773 429	0,23	1,12
11	200 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	801 402	0,23	1,12
	Шөміш, ұнтақ тәріздес және шақпақ материалдарды беру құралдарының, энергия тасығыштарды, үрлеу қондырғыларын, түтін аластату қондырғыларын беру жүйесінің құрамында ұнтақ тәріздес реагенттермен және таза газдармен үрлеу әдісімен сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшесі, сыйымдылығы	-	-	-	-
12	30 – 70 т шөміштер үшін	бөлімше	22 047	0,24	1,12
13	100 – 50 т шөміштер үшін	бөлімше	38 642	0,24	1,12
14	300 – 400 т шөміштер үшін	бөлімше	58 911	0,24	1,12
	Шөмішті, вакуумдау қондырғысын, вакуумды-сорғылы және сорғылы-аккумуляторлық станцияларды, дербес кіші электр станциясын, камераны жылытқышты беру құралдарының, үстемелер беру құралдарының, энергия тасығыштарды беру, конденсатты бұру және суды тазарту жүйесінің, отқа төзімді учаскенің құрамында вакуумдеу әдісімен сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшесі, сыйымдылығы	-	-	-	-
15	100 – 250 т шөміштер үшін	бөлімше	121 852	0,23	1,12
16	300 – 400 т шөміштер үшін	бөлімше	169 384	0,23	1,12

1702-0101-03-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Шөмішті, вакуумдау стендтерін, жылытқышты, үрлемені беру, стендтер арасында ауыстыру құралдарының, қоспалар беру құралдарының, үрлеу қондырғыларының, металды қыздыру және электр-магниттік ауыстыру дербес кіші электр станциясының, вакуум-сорғы станциясының, энергия тасығыштарды беру, конденсатты бұру және суды тазарту жүйесінің, отқа төзімді учаскенің құрамында кешенді өңдеу әдісімен сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшесі, сыйымдылығы	-	-	-	-
17	30 – 70 т шөміштер үшін	бөлімше	87 833	0,22	1,11
18	100 – 250 т шөміштер үшін	бөлімше	199 847	0,22	1,11
	ЭШП, термоөңдеу, сыдыру пештері, құймалар қоймасы бөлімшелерінің, флюстер дайындау, тигель-шөміштер дайындау учаскелерінің құрамындағы	-	-	-	-
19	10 (10 дейін) дана электрлік-шлактық қайта балқыту пештері (ЭШП) бар болатты электрмен балқыту цехы (құйма массасымен, т)	бөлімше	282 109	0,23	1,12
20	6 (20 дейін) дана электрлік-шлактық қайта балқыту пештері (ЭШП) бар болатты электрмен балқыту цехы (құйма массасымен, т)	бөлімше	476 859	0,23	1,12
21	4 (40 дейін) дана электрлік-шлактық қайта балқыту пештері (ЭШП) бар болатты электрмен балқыту цехы (құйма массасымен, т)	бөлімше	375 513	0,23	1,12
	Шихталық, вакуумды-доғалы қайта балқыту пештері, вакуумдық индукциялық пештер, машзалдар, термоөңдеу, құймалар қоймасы бөлімшелерінің, құймақалыптар дайындау, тигельдер қағу, кристаллизаторлар жөндеу шеберханалары учаскелерінің құрамында құйма массасы 2 т дейін 10 ВДП пешімен	-	-	-	-
22	және сыйымдылығы 2,5 т дейін 5 ВИП пештерімен вакуум сорғыларын жөндеуге арналған болатты электрмен балқыту цехы	цех	525 457	0,23	1,12
23	10 т дейін құйма массасы бар 10 ВДП пешімен және сыйымдылығы 25 т 2 ВИП пештерімен вакуум сорғыларын жөндеуге арналған болатты электрмен балқыту цехы	цех	894 095	0,23	1,12

1702-0101-04-кесте – Болат балқыту өндірісінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Баға параметрлері а, мың тенге
1	Конвертерлік цехтар	9 127
2	Доғалы электр пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары	6 638
3	Болаттың арнайы түрлеріне арналған болатты электрмен балқыту цехтары	4 978
4	Конвертерлік цехтардың БҰҚБ	6 638
5	Болатты электрмен балқыту цехтарының БҰҚБ	4 978
Ескертпе – Цех бөлімшесінің жаңа технологиялық жабдығын дайындауға арналған техникалық тапсырмалар әзірлеу құны 0,4 коэффициентімен; цех учаскесі немесе бөлімше учаскесі – 0,2 коэффициентімен айқындалады.		

2.3 Болатты үздіксіз құю бөлімшесі

1 1702-0101-05-кестеде болатты үздіксіз құю бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын бағалар келтірілген (БҰҚБ).

2 Кестенің бағаларында бөлімшені жобалау мынадай құрамда ескерілген:

- БҰҚҚ құю аралықтары;
- металды бейтарап газбен үрлеу учаскесі (тек КҚЦ үшін);
- өнеркәсіп шөміштері мен технологиялық жабдықты дайындау учаскелері;
- тасымалдау, құйылған дайындамаларды әрлеу және қоймалау аралықтары;
- қабыршақтарға арналған сорғы станциясы бар шұңқыр;
- көтергіш сорғы;
- макротемплеттер зертханасы;
- басқару және электр үй-жайы бекеттері.

3 Бағаларда металды пештен тыс өңдеуді (вакуумдау, металды химиялық құрамы бойынша жеткізу) жобалау ескерілмеген.

4 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмалар әзірлеу құны 1702-0101-04-кестесінің бағалары бойынша айқындалады.

1702-0101-05-кесте – Болатты үздіксіз құю бөлімшелері

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	К1	К2
	Конвертерлермен 3 БҰҚҚ құрамындағы болатты үздіксіз құю бөлімшесі	-	-	-	-
1	Конвертерлік цехта 130 т дейінгі	бөлімше	782 437	0,24	1,12
2	Конвертерлік цехта 160 т-дан 250т дейінгі	бөлімше	942 338	0,24	1,12
3	Конвертерлік цехта 300 т-дан 400т дейінгі	бөлімше	1 137 918	0,24	1,12
	Конвертерлермен 6 БҰҚҚ құрамындағы болатты үздіксіз құю бөлімшесі	-	-	-	-
4	Конвертерлік цехта 130 т дейінгі	бөлімше	1 031 238	0,24	1,12
5	Конвертерлік цехта 160 т-дан 250т дейінгі	бөлімше	1 256 451	0,24	1,12
6	Конвертерлік цехта 300 т-дан 400т дейінгі	бөлімше	1 415 285	0,24	1,12
	Болатты электрмен балқыту цехында сыйымдылығы, электр пештерімен 3 БҰҚҚ құрамындағы болатты үздіксіз құю бөлімшесі	-	-	-	-
7	25 т дейінгі	бөлімше	403 013	0,24	1,12
8	50 т дейінгі	бөлімше	450 426	0,24	1,12
9	100 т дейінгі	бөлімше	551 179	0,24	1,12
10	150 т дейінгі	бөлімше	580 812	0,24	1,12
11	200 т дейінгі	бөлімше	628 226	0,24	1,12
12	Болат балқытатын цехтағы көлденең БҰҚҚ құрылысы	құрылыс	66 378	0,24	1,12
Ескертпе – Кестеде көрсетілгендерден ерекшеленетін БҰҚҚ саны бар бөлімшелерді жобалау кезінде жобалау құны жобаланатынға жақын БҰҚҚ саны бар бөлімшенің бағасы бойынша айқындалады және әрбір қондырғы бағасының 9%-ы қосылады немесе шегеріледі.					

2.4 Илемдеу цехтары

1 1702-0101-06-кестеде илемдеу цехтары мен бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағалары келтірілген.

2 Цехтың (бөлімшенің) құрамы өзгерген (азайған) жағдайда цехтың (бөлімшенің) кестеде көрсетілген бағасына төмендету коэффициенті енгізіледі.

3 «Сәулет-құрылыс бөлімінің» бағаларында конструкцияларды химиялық қорғауды жобалау ескерілген.

4 «Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында электр жабдығының желдеткішін қоса алғанда, тарту-сору және технологиялық желдеткішті жобалау ескерілген.

5 «Жылулық-күштік шаруашылық» бөлігінің бағаларында залалсыздандырғыш қазандықтарды цех ғимаратына орнату кезінде пеш артына орнату қондырғысының технологиялық бөлігін жобалау ескерілген. Көрсетілген қондырғының жобалау-сметалық құжаттамасының басқа бөліктерін әзірлеу құны тиісті бөлімдерде ескерілген.

Залалсыздандырғыш қазандықтарды цех ғимаратынан тысқары орналастыру кезінде жобалау-сметалық құжаттамасының барлық бөлімдерінде жобалау құны 1702-0101-22-кестесі бойынша қабылданады. Бұл ретте, 1702-0101-06-кестесі бойынша жобалау-сметалық құжаттама бөлімдерінің құнын ұсынылатын бөлуді өзгертпей, цехты жобалау құны осы құнға азайтылады.

Қосалқы мердігерлік жобалау ұйымының залалсыздандырғыш қазандықтары жобалау-сметалық құжаттамасының технологиялық бөлігі орындалған жағдайда оны құнын 1702-0101-22-кестесі бойынша қабылдау қажет.

6 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмалар әзірлеу құны 1702-0101-07-кестесінің бағалары бойынша айқындалады.

1702-0101-06-кесте – Илемдеу цехтары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
1	Дайындама қоймасының, қыздыру пешінің, клеттердің жаншу тобының, жайманы қыздыратын өтпе пештің, клеттердің қара және аралық топтарының, сымды-блокты қапастардың, ұшпалы қайшының, орам түзгіштің, орамдарды ауамен салқындату транспортерінің, тоқу машиналары мен бума қоймасы құрамындағы бумадағы созба сымды өндіруге арналған, өнімділігі 400 мың т/жылды құрайтын цех	цех	500 470	0,25	1,13
2	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, клеттердің жаншу, қара, аралық және таза топтарының, қайшының, тоңазытқыштың, дұрыс машиналардың, пакеттеуші және тоқу машиналарының, дайын өнімді әрлеу және термоөңдеу жабдығының, дайын өнім қоймасының құрамындағы шыбықшалардағы төмен сұрыпты илем немесе құбыр дайындамасын өндіруге арналған, өнімділігі 1300 мың т/жылды құрайтын цех	цех	1 106 293	0,25	1,13
3	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, клеттердің жаншу, қара, аралық және таза топтарының, қайшының, тоңазытқыштың, клеттердің сым блогының, шыбықшаларды ағынды әрлеу, созба сымды екі сатылы салқындату желісінің, бумаларды пакеттеу және байлау құрылғыларының, дайын өнім қоймасының құрамындағы шыбықшалар мен бумалардағы төмен сұрыпты өнім өндіруге арналған, өнімділігі 500 мың т/жылды құрайтын цех	цех	699 559	0,25	1,13
4	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, көлденең, қиыстырылған және әмбебап клеттердің, ыстықтай және суықтай кесу қайшысының, суықтай кесу арасының, әрлеу және буу жабдығының, дайын өнім қоймасының құрамындағы орта сұрыпты және жеңілдетілген қос таврлы мәтке өндіруге арналған, өнімділігі 1600 мың т/жылды құрайтын цех	цех	1 873 783	0,18	1,09
5	Құйылған дайындама қоймасының, қыздыру пештері мен шарик-мойынтректі болатты гомогендеу пештерінің, реверсивтік клет пен клеттердің үздіксіз топтарының, термоөңдеуді кесуге арналған ағынды жабдықтың құрамындағы ірі сұрыпты өнім мен құбыр дайындамасын өндіруге арналған, өнімділігі 2140 мың т/жылды құрайтын цех	цех	1 395 953	0,25	1,13
6	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, жаншу клетінің, аралық және тазарту алды топтарының, әмбебап тазарту клетінің, ыстықтай және суықтай кесу араларының, тоңазытқыштардың, дұрыс машиналар мен пресстердің, дайын өнім қоймасының құрамындағы кең сөрелі екі таврлы арқалықтар өндіруге арналған өнімділігі 1600 мың т/жылды құрайтын цех	цех	1 545 577	0,17	1,09

1702-0101-06-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
7	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, дөңгелек илемдеу жабдығының, дөңгелектерді термоөңдеу мен әрлеу жабдығының, дайын өнім қоймасының құрамындағы тұтас иленген тепловоз және электровоз дөңгелектерін жасауға арналған өнімділігі 323 мың т/жылды құрайтын цех	цех	1 020 226	0,17	1,09
8	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, пресс-илемдеу жабдығының, осьтерді термоөңдеу мен әрлеу жабдығының, дайын өнім қоймасының құрамындағы кең табанды темір жол көлігі үшін тұтас және бос осьтер өндіруге арналған өнімділігі 125 мың т/жылды құрайтын цех	цех	419 892	0,25	1,13
9	Уатқыш-басқыш және дұрыс машинаның, қажакты-тегістеу және орталықтандырылмаған токарь станоктарының, ақауларды бақылау жабдығының, пакеттегіштердің тоқу машиналары мен дайын өнім қоймасының құрамындағы өнімділігі 1090 мың т/жыл ірі сұрыпты илем мен құбыр дайындамасын әрлеу бөлімшесі	бөлімше	649 135	0,25	1,13
2-ші топ – механикалық қопсыту қолданылатын (бұрғылау-жару жұмыстарынсыз) кен жыныстарын жалпы өндіру карьерлері.

3-ші топ – бұрғылау-жару жұмыстарының көмегімен алдын ала қопсыту қолданылатын кен жыныстарын жалпы өндіру карьерлері.

Бағалар 3-ші күрделелік тобының карьерлері үшін әзірленген. 1-ші және 2-ші күрделілік топтарының карьерлері үшін бағаларға мынадай коэффициенттер қолданылады:

– 0,8 – 1-ші күрделелік тобы үшін;

– 0,85 – 2-ші күрделелік тобы үшін.

Блоктар өндіру карьерлері (1702-0302-03) қайта өңделетін жыныс түрлері бойынша екі күрделілік тобына бөлінеді.

1-ші топ – қатты жыныстардан (гранит, кварцит және т.б. сияқты) жасалған блоктар өндіру карьерлері.

2-ші топ – беріктігі орташа (мәрмәр, туф және т.б. сияқты) блоктар өндіру карьерлері.

Бағалар 2-ші топтағы күрделілік карьерлері үшін әзірленген.

Күрделілігі 1-ші топтағы карьерлер үшін 0,8 коэффициенті қолданылады.

4 1702-0302-02-кестесінің бағалары шағылды-құмды және құмды шикізат өндіретін карьерлер үшін белгіленген.

5 1702-0302-01 – 1702-0302-03-кестелерінің бағаларына мынадай коэффициенттер қолданылады:

– 1,2 – шикізат өндірудің селективтік тәсілі кезінде (карьердің күрделілік тобына қарамастан);

– 1,05 – өндірістің зиянды жағдайлары кезінде (силикоздылық).

6 Бағаларда:

– қиыршық тас, шағылды-құмды және тас өңдейтін зауыттарды;

– жарғыш материалдардың аудару базистік қоймаларын жобалау құны ескерілмеген.

7 Цемент зауыттары ұсақтау-сұрыптау фабрикаларын жобалау құны 12-бөлімнің «Құрылыс материалдары өнеркәсібі» 3-кіші бөлімінің бағалары бойынша айқындалады.

8 1702-0302-04-кестесінің бағалары кварц құмын байыту фабрикалары үшін белгіленген.

9 Металл емес руда материалдарын өндіретін карьерлер мен жерасты рудниктерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу құны 1702-0301-01-кестесінің бағалары бойынша түсті металлургия кәсіпорындарына ұқсас айқындалады.

10 1702-0302-05-кестенің бағалары металл емес руда материалдарын ұсақтау-сұрыптау және байыту кәсіпорындары үшін белгіленген.

Металл емес рудаларды байыту кәсіпорындары технологиялық схемалардың күрделілігі бойынша үш топқа бөлінеді.

1-ші күрделелік тобы – ұсақтау, ірілігі бойынша сұрыптау нысаны бойынша механикалық бөлу, қолмен іріктеу процестерін қамтитын құрғақ тәсілмен байыту кәсіпорындары. Оларға: бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 3500 т/жыл забой шикізатын өңдеу цехы; слюдаіріктеу қондырғылары, слюда байыту фабрикалары, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 100-ден 450 мың т/жылға дейінгі кварц-дала шпаты материалдары үшін руда сұрыптау қондырғылары жатады.

2-ші күрделелік тобы – электрмен, магниттік немесе ауа сепарациялау процестерін, сондай-ақ дайындық операцияларын (ұсақтау, уату, жіктеу, термиялық өңдеу) қамтитын құрғақ әдіспен байыту кәсіпорындары. Оларға: Бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 1-ден 20 мың т/жылға дейінгі рудниктік-фабрикалық жиындыларды қайта өңдеу слюдасын уату цехы; электр-сепарация цехтары және кварц-дала шпаты материалдарын уату-байыту фабрикалары, вермикулиттік байыту фабрикалары, руда өнімділігі 20-дан 250 мың т/жылға дейінгі кешенді шикізат өңдейтін слюда байыту фабрикалары жатады.

3-ші күрделелік тобы – концентраттың немесе өнімнің бір немесе одан да көп түрін берумен гравитация, магниттік сепарация, флотация процестерін қамтитын руданы ылғалды немесе қиыстырылған тәсілмен өңдейтін, сондай-ақ слюдаларды ылғалды жұқа

уататаны кәсіпорындар. Оларға: дала шпаты материалдарын, вермикулиттік байыту фабрикалары, графит өңдейтін фабрикалар, тальк өңдейтін фабрикалар, руда немесе бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 250-ден 900 мың т/жылға дейінгі слюдаларды ылғалдық уату цехтары жатады.

Бағаларға мынадай коэффициенттер қолданылады:

- 1,05 – өндірістің зиянды жағдайлары кезінде (силикоздылық);
- 1,05 – дайын өніммен толтыру кезінде;
- 1,07 – бір сұрыптан астам дайын өнім алу кезінде (2-ші және 3-ші күрделілік топтары үшін) әрбір қосымша сұрып үшін.

1702-0302-01-кесте – Рудалы емес шикізат өндіретін карьерлер (өндірудің экскаваторлық тәсілі)

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 50-ден 300 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	21 372	180	0,29	1,14
2	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 300-ден 500 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	35 619	133	0,29	1,14
3	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 500-ден 2000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	90 180	24	0,30	1,15
4	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 2000 до 6000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	116 198	10,62	0,31	1,15
5	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 6000 до 10000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	151 805	4,8	0,33	1,16
6	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 10000 до 20000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	170 771	2,91	0,33	1,16

1702-0302-02-кесте – Рудалы емес шикізат өндіретін карьерлер (гидромеханикаландырылған тәсіл)

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 50-ден 300 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	17 045	122	0,31	1,15
2	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 300-ден 500 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	24 513	97	0,31	1,15
3	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 500-ден 2000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	58 496	30	0,30	1,15
4	Рудалы емес шикізатты өндіретін карьерлер, өнімділігі 2000 до 6000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	91 685	13	0,29	1,14

1702-0302-03-кесте – Блоктар өндіру карьерлері

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Пайдалы қазба бойынша өнімділігі 25-тен 50 мың т/жылға дейінгі блок өндіретін карьерлер	мың т/жыл	44 011	1 126	0,32	1,16
2	Пайдалы қазба бойынша өнімділігі 50-ден 100 мың т/жылға дейінгі блок өндіретін карьерлер	мың т/жыл	58 235	842	0,34	1,17
3	Пайдалы қазба бойынша өнімділігі 100-ден 200 мың т/жылға дейінгі блок өндіретін карьерлер	мың т/жыл	117 265	251	0,35	1,17
4	Пайдалы қазба бойынша өнімділігі 200-ден 600 мың т/жылға дейінгі блок өндіретін карьерлер	мың т/жыл	134 073	167	0,36	1,18

1702-0302-04-кесте – Әйнек шығаруға арналған кварц құмын байыту фабрикалары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Әйнек шығаруға арналған кварц құмын байыту фабрикалары, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 150-ден 300 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	64 873	390	0,32	1,11
2	Әйнек шығаруға арналған кварц құмын байыту фабрикалары, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 300-ден 500 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	85 498	319	0,31	1,1
3	Әйнек шығаруға арналған кварц құмын байыту фабрикалары, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 500-ден 1000 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	131 916	228	0,20	1,1

1702-0302-05-кесте – Ұсақтау-сұрыптау және байыту кәсіпорындары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	1-ші күрделелік тобы – ұсақтау, ірілігі бойынша сұрыптау нысаны бойынша механикалық бөлу, қолмен іріктеу процестерін қамтитын құрғақ тәсілмен байыту кәсіпорындары. Забой шикізатын өңдеу цехы, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 1-ден 3,5 мың т/жылға дейін.	мың т/жыл	49 416	154	0,27	1,15
2	Слюда іріктеу кондырғылары, слюда байыту фабрикалары, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 100-ден 450 мың т/жылға дейінгі кварц-дала шпаты материалдары үшін руда сұрыптау кондырғылары	мың т/жыл	48 172	185	0,30	1,15
3	2-ші күрделелік тобы – электрмен, магниттік немесе ауа сепарациялау процестерін, сондай-ақ дайындық операцияларын (ұсақтау, уату, жіктеу, термиялық өңдеу) қамтитын құрғақ әдіспен байыту кәсіпорындары. Бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 1-ден 20 мың т/жылға дейінгі слюданы уату цехы	мың т/жыл	34 541	228	0,26	1,15
4	Электр-сепарация цехы және кварц-дала шпаты материалдарын уату-байыту фабрикалары, бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 20-дан 250 мың т/жылға дейінгі кешенді шикізат өңдейтін вермикулит байыту фабрикалары	мың т/жыл	92 503	296	0,26	1,15
5	3-ші күрделелік тобы – концентраттың немесе өнімнің бір немесе одан да көп түрін берумен гравитация, магниттік сепарация, флотация процестерін қамтитын руданы ылғалды немесе қиыстырылған тәсілмен өңдейтін, сондай-ақ слюдаларды ылғалды жұқа уататаны кәсіпорындар. Дала шпаты материалдарын, вермикулиттік байыту фабрикалары, графит өңдейтін фабрикалар, тальк өңдейтін фабрикалар, руда немесе бастапқы шикізат бойынша өнімділігі 250-ден 900 мың т/жылға дейінгі слюдаларды ылғалдық уату цехтары	мың т/жыл	167 629	324	0,26	1,15

4-кіші бөлім Көмір өнеркәсібі

Бағаларды қолдану жөніндегі нұсқаулар

1 Осы кіші бөлімде көмір және тақтатас өнеркәсібінің кәсіпорындары мен жекелеген объектілерінің, өнеркәсіптің барлық салалары бойынша шахта оқпандары өтпесі объектілерінің құрылысына, оларды байланыстырушылардың және арнайы тәсілдермен қазан шұңқырлар салу құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу құны келтірілген.

2 Кіші бөлімнің бағаларында мыналарды:

- көмір машина жасау зауыттарын және жабдыққа орта және күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі кәсіпорындарды;
- шағыл, қиыршық тас, құм, саз, асфальт, битум, цемент, темір-бетон және металл конструкцияларын, сантехникалық және электр-техникалық арматура және басқа да құрылыс материалдары мен бұйымдарын өндіруге және шығаруға арналған құрылыс индустриясы базаларының жаңадан құрылатын немесе кеңейтілетін қуаттарын;
- көмір және тақтатас өнеркәсібін инертті, толтырғыш, тұнбалағыш, сүзгілік, профилактикалық және басқа да пайдалану материалдарымен қамтамасыз етуге арналған бастапқы шикізатты өндіру және бастапқы өңдеу кәсіпорындары мен жекелеген өндірістерді;
- көмір мен жанғыш тақтатасты өндірудің қатты, сұйық және газ тектес ілеспе бөліктері мен қайта өңдеу қалдықтарын бастапқы өңдеу және пайдалы халық шаруашылығы өніміне қайта өңдеу кәсіпорындары мен жекелеген өндірістерді;
- қалаларды (кенттерді) немесе тұрғын үй, коммуналдық-тұрмыстық және мәдени құрылыстың жекелеген объектілерін: тұрғын үйлерді, жатақханаларды, санаторийлерді, демалыс үйлерін, пансионаттарды, мәдениет үйлерін және т.б.;
- объектілерді, сондай-ақ құрылыс алаңында орналасатын асханаларды, химиялық тазалау пункті бар кір жуу орындарын, кионқондырғысы бар әмбебап мәжіліс залдарын, денсаулық сақтау объектілерін, дене шынықтыру-спорт құрылыстарын, жергілікті өнеркәсіп объектілерін және шағын сәулеттік нысандарды;
- қосалқы шаруашылық объектілерін: жылыжайларды, фермаларды және т.б.;
- кернеуі 35 кВ және одан да жоғары электр кіші станцияларын; ЭБЖ; кернеуі 6–10 кВ бөлу құрылғыларын; өнеркәсіптік көлікті электрлендіру және сырттан электрмен жабдықтау құрылыстары мен құрылғыларын (олардың орналасқан жеріне және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан);
- қазандықтарды, сыртқы күл-шлак үйінділерін, қабылдау құрылғыларын, сыйымдылық құрылыстарын, әкелінетін қатты және сұйық отынның сорғы, бөлу және қайта тиеу станцияларын, сондай-ақ табиғи газбен жабдықтау объектілерін (олардың орналасқан жеріне қарамастан);
- қысылған ауа компрессорлық станцияларын;

– ДОБ және көлік байланысын қоса алғанда, өнеркәсіптік темір жол көлігі объектілерін (олардың орналасқан жеріне және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан) (карьерішілік темір жол көлігін қоспағанда);

– кіреберіс және алаңаралық өндірістік объектілерді, қызметтік және патрульдік автомобиль жолдарын; алаңаралық (карьер – оқшауланған алаңдағы өндіріс) автокөлік құралдарын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету объектілерін қоса алғанда, перспективада жалпы пайдаланымдағы жолдардың желісінің құрамына кіргізуге жататын технологиялық тұрақты және қызметтік карьерлік автомобиль жолдарын және ішкі автомобиль жолдарын;

– магистралдық, алаңаралық, карьерлік және алаңішілік сыртқы және пульпөткізгіштің бөлу учаскелерін, бас және қайта айдау станцияларын, гидрокөліктің айналымдық сумен жабдықтау жүйесін қоса алғанда, қазылған пайдалы қазбалар мен оларды байыту және қайта өңдеу өнімдерінің гидрокоспасын (пульптерін) араластыруға арналған гидравликалық арындық және арынсыз өнеркәсіп көлігінің (гидрокөліктің) объектілерін; басқару, автоматтандыру және байланыс жүйесін; гидравликалық сокқыларға қарсы күрес құралдары, жылу оқшаулағышты (гидрокоспа өндіруге, алуға және дайындауға, тасымалданатын материалды жинауға немесе қоймаға орналастыруға арналған құрылыстар мен құрылғылардан басқа);

– вагонеткаларды жабысқақ жүктерден механикаландырып тазарту пунктін қоса алғанда, вагонеткалардың сақиналы және тербелмелі қозғалысымен бір арқанды және екі арқанды аспалы жүк жолдарының (ААЖЖ) объектілерін;

– конвейерлік желілер мен қажетті құрылыстарды және құрылғыларды қоса алғанда, сусымалы және дара-ыдыс жүктерінің магистралдық, алаңаралық және цехаралық конвейер көлігінің объектілерін;

– кәсіпорындардың аумағында (цехішілік тасымалдауды қоса алғанда) және оқшауланған алаңдардағы кәсіпорындардың (өндірістердің) арасындағы пайдалы қазбаларды, шикізатты, дайын өнімді, өндіріс қалдықтарын, сусымалы және соларға ұқсас материалдарды тасымалдауға арналған құбырлық контейнерлік пневмокөлік жүйелерін;

– автомобильдерге май құю станцияларын, мұнай өнімдерін тасымалдауға және сақтауға арналған (алаңаралық және цехаралық құбарларды қоса алғанда), сондай-ақ теңіз және өзен көлігінің жүзбелі құралдарынан жүктерді түсіруге және тиеуге арналған құрылыстар мен құрылғыларды;

– жерастылық немесе жерүстілік табиғи көздерден өнеркәсіптік кәсіпорында (өндірісті) сумен жабдықтау жүйелеріндегі, сондай-ақ айналмалы сумен жабдықтау жүйелеріндегі (олардың орналасқан жеріне қарамастан) су алу, су тазарту және су дайындау құрылыстарын (оның ішінде жерасты суларын минералсыздандыруға және қышқыл суларды бейтараптандыруға арналғандарын); алаңнан тыс желілерді, бас және қайта айдау сорғы станцияларын және басқа да су құбыры құрылыстарын;

– алаңнан тыс желілерді, сорғы станцияларын, кәріздің нөсерлік, өндірістік және тұрмыстық ағындар сияқты басқа да құрылыстары, сондай-ақ шахталық, карьерлік, дренаждық және шлам суларының су бұрмаларын;

– құрылыс салу аумағын құрғату кезінде бұру, қорғау және қоршау құрылыстарын: сүзгілік және қоршау дамбаларын, қорғаныштың дренаждарды, жасанды ағындарды, су бұру арналары мен басқа да гидротехникалық құрылыстарды;

– кен жұмыстары мен кен әзірленімдерін судан қорғаудың арнайы тәсілдерін (дренаж, барраж, су төмендету, кен орнын құрғату) және шахта және карьер суларын дренаж жүйесінің әсері аймағынан тысқары бұруды;

– іргетастар астындағы негіздерді инженерлік дайындау жөніндегі арнайы жұмыстарды, жылу оқшаулау мен жылу ілестірудің арнайы тәсілдерін (қыздырғыш кабельді қоса алғанда), сондай-ақ құрылыс конструкцияларын, бұйымдарын, құбырлар мен жабдықтарды коррозиядан қорғауды;

– жедел-диспетчерлік басқару жүйелерін (ЖДБЖ), өнеркәсіптік телевизияны, телефон станцияларын;

– шахта ауасынан басқа ауаны баптау құрылғыларын;

– кен әзірленімдеріндегі АҚ ИТІ арнайы қорғаныстық құрылыстарын және объектілердің орнықтылығы жөніндегі жұмыстарды;

– жерді биологиялық өңдеуді және жануарлар дүниесін қорғауды;

– күрделі және игерілмеген өндіріс технологиясы бар объектінің құрылысына арналған жаңа техниканы, жабдықтарды, материалдар мен бұйымдарды дайындауға, зерттеуге, онымен жұмыс істеуге және сынауға арналған эксперименттік зертханаларды, тәжірибелік цехтар мен стендтерді;

– өрт бекеттерін;

– тау-кен апатынан құтқару станцияларын;

– жер бетіндегі ВМ базистік және шығыс қоймаларын;

– кәсіпорынның (өндірістің) санитарлық-қорғау аймағын көгалдандыру және абаттандыру объектілерін жобалау құны ескерілмеген.

Жоғарыда санамаланған жобалау жұмыстарының құны осы кіші бөлімнің кәсіпорындарын, өндірістері мен жекелеген объектілерін салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бағаларына қосымша тиісті Бөлім бойынша айқындалады.

3 Бағаларда:

а) алаңда бір бейіндегі кәсіпорындар (өндірістер) құрылысының орналасуы көзделеді.

Бір алаңда әртүрлі бейіндегі кәсіпорындардың немесе жекелеген өндірістердің құрылысы орналасқан кезде, жобалау жұмыстарының жалпы құны барлық бейіндік объектілер бойынша жобалау құндарын қосу жолымен айқындалады, бұл ретте жобалауға жұмсалған шығындары кәсіпорындардың (өндірістердің) кешенді құнына кірмеген жалпы бір функционалды объектілерді жобалау құны жобалау объектісінің негізгі көрсеткішінің қосынды шамасы бойынша айқындалады;

б) жобалау объектісінің бір құрылыс алаңында орналасуы.

Жекелеген өндірістер құрылыстың оқшауланған алаңдарында орналасқан кезде жобалаудың жалпы құны барлық алаңаралық (алаңнан тыс) технологиялық, көліктік, энергетикалық және өзге де коммуникациялар, құрылыстар, құрылғылар және инженерлік желілер бойынша жобалау жұмыстарының құндарымен оқшауланған алаңдардағы барлық өндірістер бойынша жобалау жұмыстарының құндарын қосу арқылы айқындалады. Бұл ретте олардың алаң шекарасынан алаңішілік объектілерге жанасатын (кіретін, шығатын) орнына дейінгі учаскелерді құрылыстың алаңнан тыс (сыртқы) объектілеріне жатқызу қажет;

в) өнеркәсіптік объектілердің қоныстану аумағынан тыс орналасуы.

Өнеркәсіптік объект тұрғындық қоныстану аумағында орналасқан кезде оны жобалаудың жалпы құнына: «жоба» сатысында – 1,1 және «жұмыс жобасы» сатысында – 1,02 коэффициенттері қолданылады;

г) кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды көлденең немесе көлбеулеу рельефті жерлердегі алаңға салу.

Таулы рельеф жағдайындағы құрылыс кезінде құрылыс объектілерін, жобалау жұмыстарының бөлімдері мен әзірлеу күрделі болатын түрлерін жобалау құнына 1,1 коэффициенті қолданылады;

д) кәсіпорынды салу және пайдалану кезінде құрылыс салу мен монтаждаудың тораптық және кешенді-блоктық әдістерінен басқа, еңбекті ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолдану.

Құрылыс салудың тораптық әдісі немесе монтаждаудың кешендік-блоктық әдісі кезінде, құрылыс объектілерін, жобалау жұмыстарының бөлімдері мен әзірлеу күрделі болатын түрлерін жобалау құнына әрбір фактор үшін жеке-жеке 1,1 коэффициенті қолданылады;

е) ҚР ҚНЖҚ 3.02-127-2013 бойынша өндірістің В, Г және Д санатына тұтастай есептелген әртүрлі сәулеттік, көлемдік-жоспарлы және конструкторлық шешімдегі өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды әзірлеу.

Өндірістің А, Б және Е санаттары бар ғимараттар мен құрылыстарды жобалау кезінде құрылыс объектілерін, жобалау жұмыстарының бөлімдері мен әзірлеу күрделі болатын түрлерін жобалау құнына 1,1 коэффициенті қолданылады;

ж) жобаланатын құрылыс объектілеріне стационарлық өндіріс технологиясын қолдану.

Өндіріс технологиясы жиі өзгертін объектіні жобалау кезінде, егер бұл жобалау тапсырмасында ескертілсе, оны жобалау құнына 1,2 коэффициенті қолданылады.

4 Осы Бөлімнің бағаларын қолдану кезінде Жобалау жұмыстарының құнын айқындау жөніндегі «Құрылыс үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағын қолдану жөніндегі жалпы ережелерді» басшылыққа алу қажет.

1-тарау Көмір және жанғыш тақтатас кен орындарын қазудың жерастылық тәсілі

1 Осы тарауда кен орындарын механикалық немесе гидромеханикалық құралдармен жерастылық қазу тәсілімен кен өндіру кәсіпорындарын – көмір және тақтатас шахталарының (гидрошахталардың) және жекелеген өндірістер құрылысының (1702-0401-01-кесте), сондай-ақ кешеннен тыс жобалаудың жекелеген объектілерінің (1702-0401-02-кесте) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге белгіленетін бағалар келтірілген.

2 Тараудың бағаларында мыналарды:

- кен массасын бастапқы өңдеу және сұрыптау және тауарлық көмір (тақтатас) алу өндірістерін, сондай-ақ гидрокоспаны құрғату және гидрошахталардың көмірін бастапқы өңдеу өндірістерін;
 - байыту және брикеттік фабрикалар мен өндірістерді;
 - шахта үстіндегі ғимараттар мен құрылыстарда орналасқан тиеу құрылғыларынан басқа, өнеркәсіп көлігінің барлық түрлері үшін дайын өнімді тиеу-қоймалау кешендерін;
 - осы тараудың шахталары мен басқа да өндірістеріне ағымдағы жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау объектілерін;
 - метан-ауа қоспасын залалсыздандыру объектілерін: газдан қорғау станцияларын, көтерме сорғы станцияларын, құбыр жүйелерін және т.б.;
 - шахтаның (блоктың) газсыздандыру кешені айналымдық суын салқындату жүйелерінің объектілерін және шахтаның ауасын баптау кешенін: градирияларды, сорғы станцияларын, резервуарлар мен құбыр желілерін және т.б.;
 - кен орнын қазу үшін кен бұрмасын беруге рұқсатты ресімдеуге арналған негіздемелік құжаттаманы (кен бұрмасының жобасын);
 - оқпандар мен олардың оқпанға жақын аулалармен арнайы тәсілдермен қиылыстыру өтпелерін;
 - кен жұмыстарымен бұзылған жерді кен-техникалық өңдеуді жобалауға жұмсалатын шығындар ескерілмеген.
- Санамаланған жобалау жұмыстарының құны осы кіші бөлімнің және Бөлімнің тиісті тараулары бойынша қосымша айқындалады.

3 бағаларда мыналар көзделеді:

а) объектілерді кен орнының күрделі кен-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларда салу: қазу тереңдігі қоса алғанда 600 м дейін; әртүрлі құлау бұрыштары және алаңның тектоникалық құрылысы кезінде кез келген қуаттағы бір қабаттың немесе қабаттар тобының болуы; қабаттардың ауқымды бұзылулары немесе аз амплитудалы бұзылуы және құрамында әр түрлі жыныстардың болуы; динамикалық құбылыстар – кен соққыларына, көмірдің, жыныстың және газдың кенеттен болатын шығарылымдарына қауіптің жоқтығы; қабаттардың өздігінен тұтануы қауіпінің жоқтығы және мұнай көріністерінің жоқтығы.

Мынадай: бір қабатты қазу; ірі тектоникалық бұзылулардың немесе аз амплитудалы бұзушылықтың болмауы; жазықтықтан еңіске немесе тік еңіске өтумен қабаттың құлау бұрышы өзгерісінің болмауы; ылғал топырақтың, карстық және басқа да сулы аймақтар мен қорыстардың болмауы сияқты факторлардың жиынтығы бар кен-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларда құрылыс салу кезінде 1702-0401-01-кестенің 1-8-позициясының бағаларына және 1702-0401-02-кестенің бағаларына 0,7 коэффициенті қолданылады.

Мынадай: қазу тереңдігі 600 м астам; кен соққыларының болуы; көмірдің, жыныстың және газдың кенеттен болатын

шығарылымдарының болуы, қабаттардың өздігінен тұтануы қаупінің болуы; мұнай көріністерінің болуы; жыныстарды беріктеудің арнайы тәсілдерін қолдану қажеттігі сияқты күрделі кен-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларда – күрделі жағдайларда құрылыс салу кезінде 1702-0401-01-кестенің 1-8-позициясының бағаларына және 1702-0401-02-кестенің бағаларына 1,1 коэффициенті қолданылады;

б) жеке, блоктық емес түрдегі шахтаны жобалау.

Шахта алаңын блоктық тәсілмен ашу немесе қапталдық оқпандармен ашу кезінде шахтаны жобалау құнына (1702-0401-01-кестенің 1-поз.) 1702-0401-01-кестенің 2-4-поз. бағалары бойынша айқындалған құрылыстың оқшауланған алаңының аумағын, әртүрлі мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, осы аумақ шегіндегі желілер мен басқа да инженерлік коммуникацияларды, сондай-ақ жерасты кен әзірленімдерін: оқпанды, оқпан маңы ауласын және оқпанның жыныс қабаттарымен, әзірленімдермен, кен-техникалық құрылыстармен және оқпан маңы ауласындағы жүк берумен қиылысын қамтитын тиісті қапталдық қосалқы оқпандар (шурфтар) кешенін жобалау құны қосылады.

Бағаларда желдету және калориферлік қондырғылары жоқ оқпандар ескерілмеген.

Егер шахта блоктарын жобалау кезінде қапталдық қосалқы оқпандардың құрамы және мақсаты бойынша бірдей бірнеше кешені әзірленсе, онда екінші және одан кейінгі оқпандарды жобалау құны 1702-0401-01-кестенің 2-4-поз. бағалары бойынша: «жоба» сатысында – 0,8, «жұмыс жобасы» сатысында – 0,7 және «Жұмыс құжаттамасы» сатысында – 0,5 коэффициенттері қолданылып айқындалады.

в) қазылған кеңістік толтырылмайтын немесе тұнбаланбайтын қазудың әртүрлі жүйелері бар шахтаны жобалау.

Гидравликалық толтырманы (тұнбаны) қолдану кезінде шахтаны жобалау құнына 1702-0401-01-кестенің 5-поз. бағасы бойынша айқындалған бастапқы шикізатты қабылдау және қоймаға қою, толтыру (тұндыру) материалын дайындау, оны жер бетіне және кен әзірленімдеріне тасымалдау, әзірленген кеңістікке салу, су бөлу және пайдаланылған суды жою, толтыру жалғастырғыштарын салу ғимараттары мен құрылыстарын қамтитын гидравликалық толтыру (тұндыру) кешенін жобалау құны қосылады.

Толтырманың басқа түрлерін жобалау кезінде 1702-0401-01-кестенің 5-поз. бағасына мынадай: өздігінен болатын толтырма үшін – 0,8; пневмотолтырма үшін – 0,9 және қиыстырылған (гидропневмотолтырма) үшін – 1,5 коэффициенттері қолданылады.

Толтыру (тұндыру) технологиясы толтыру (тұндыру) материалын дайындау үшін бастапқы шикізат ретінде шахта жынысын, қазандық шлактарын және байыту фабрикасы болғанда – байыту қалдықтарын пайдалануды көздейді.

Арнайы карьерлерде өндірілетін материалдарды толтыру (тұндыру) үшін пайдаланған кезде бастапқы шикізатты алдымен өңдейтін арнайы карьерлер мен зауыттар бойынша жобалау жұмыстарының құнына шахтаны жобалау құны қосылады.

г) көмір қабаттарының жарылғыш қасиеттері бар шахтаны және газсыздандыру жұмыстарын жүргізу талап етілмейтін метаны көп шахтаны жобалау.

Газсыздандыру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде шахтаны жобалау құнына 1702-0401-01-кестенің 6-позициясының бағасы бойынша айқындалған вакуум-сорғы станциясын, газсыздандыру ұңғымаларын; шахтаның немесе блоктың шегіндегі арнайы кен әзірленімдері мен газсыздандыру құбырларының желілерін (айналымдық суды салқындату жүйелерін: градирняларды, сорғы станциясын, резервуарлар мен құбырлар желілерін қоспағанда) қамтитын шахтаның (блоктың) газсыздандыру кешенін жобалау құны қосылады.

д) шахтаны желдетудің әртүрлі тәсілдерімен және құралдарымен шахтаны жобалау және шахтаның ауасын баптауды қолданбастан жылу режимін сақтау

Шахтаның ауасын баптау қажеттілігі кезінде шахтаны жобалау құнына 1702-0401-01-кестенің 7-позициясының бағасы бойынша айқындалған әр алуан түрдегі: жер бетінде салқындату станциясы және ауаны салқындатқыштар орнатылатын, шахтаға ауа салқындатқыштар орнатылатын шахтаның ауасын баптау кешенін жобалау құны қосылады. Жалпы жағдайда, кешеннің құрамына салқындату машиналары мен ауа салқындатқыштар станциясының ғимараты (құрылысы, кен әзірленімі) және компрессорларды салқындату жүйесінің айналымдық суының градирняларын, сорғы станциясын, резервуарлар мен құбырлар желілерін қоспағанда, суықпен жабдықтау жүйесінің циркуляциялық желісі кіреді.

е) копарудың және пайдалы қазбаны жер бетіне шығарудың әртүрлі механикалық құралдары бар шахтаны жобалау.

Гидромеханикаландыру-гидрошахта құралдары қолданылатын шахтаны жобалау кезінде 1702-0401-01-кестесі 1-позициясының бағасына 1,3 коэффициенті қолданылады.

Қысылған ауа пайдаланылатын құралдарды қолдану кезінде шахтаны жобалау құнына 1702-0401-01-кестенің 8-позициясының бағасы бойынша айқындалған шахтадағы қысылған ауа желісін жобалау құны, сондай-ақ Бөлімнің тиісті кіші бөлімі бойынша айқындалған компрессорлық станцияны жобалау құны қосылады.

ж) пайдалы қазба мен шахтаның жынысын жеткізуді, жер астында тасымалдауды (тасып шығаруды), жер бетіне көтеру мен шығаруды, адамдарды, жабдықтар мен материалдарды, оның ішінде пакеттік-контейнерлік тәсілмен түсіруді және көтеруді қамтамасыз ететін шахта ішкілік көліктің (гидравликалықтан басқа) әртүрлі құралдары және схемалары бар шахтаны жобалау;

з) пайдалы қазбаның бір маркасын (бір шахта берілімін) жер бетіне шығару кезінде шахтаны жобалау.

Пайдалы қазбаның екі немесе одан да көп маркасын (шахта берілімін) бір мезгілде шығару кезінде 1702-0401-01-кестенің 1-позициясының бағасына әрбір марка (шахта берілімі) үшін жеке-жеке 1,2 коэффициенті қолданылады;

и) бір арқанды көтергіш қондырғылары және А түріндегі төрт бағаналы немесе шатырға ұқсас металл копралары бар шахтаны жобалау.

Көп арқанды көтергіш қондырғылары және мұнаралы копралары бар шахтаны жобалау кезінде жобалау-сметалық құжаттама жұмыстары түрлерінің: тау-кен механикалық, сәулет-құрылыс; күштік электр жабдығы, элеватормен жарықтандыру, жылыту және желдету, ішкі сумен жабдықтау және кәріз, құрылысты ұйымдастыру және сметалық құжаттама құнына 1,2 коэффициенті қолданылады;

к) өнеркәсіптік алаң аумағының шекараларында кен әзірленімдерінен және су бұрылыстарынан су айдаудың сорғы станциясына немесе басқа құрылыстарына дейін өз бетімен келіп түсетін шахта суы ағысының әртүрлі құралдары және схемалары бар шахтаны жобалау.

Шахта алаңын құрғату жөніндегі арнайы іс-шараларды жүргізу кезінде ұйымдастырылмаған судың су ағысы мен су бұрмасын жобалау құны шахтаны жобалау құнында сақталады;

л) өндірістік алаңның шекараларындағы өндірістік және тұрмыстық сарқынды сулардың жиналған және бұрылған жерлерінде ағызу құдығы мен сорғы станциясына дейін оларды қабылдаудың әртүрлі құралдары мен схемалары бар шахтаны жобалау;

м) өнеркәсіптік алаңның шегінен тысқары жерлердегі ғимараттарды, құрылыстарды және табиғи объектілерді кен жұмыстарының зиянды әсерінен қорғау және өнеркәсіптік алаңның шегінен тысқары жерлерде орналасқан өзендерге, елді мекендерге, кәсіпорындарға және басқа да объектілерге күзет қарауылдарын қалдыру жөніндегі іс-шаралар әзірлеуді талап етпейтін жағдайларда шахтаны және қапталдық қосалқы оқпандарды (шурфтарды) жобалау.

Өнеркәсіптік алаңның шегінен тысқары жерлерде орналасқан объектілерді кен жұмыстарының зиянды әсерінен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеудің құны әрбір бөлек орналасқан жауапты объект: ғимарат, құрылыс, елді мекен, желілілік объектінің учаскесі (өзендер, құбырлар, ЭБЖ және т.б.) үшін 1 748 514 теңгені құрайды және шахтаның немесе қапталдық қосалқы оқпанның (шурфтың) кешені жобасының (жұмыс жобасының) құнына қосылады. Участке – бір шахта алаңында орналасқан желілік объектінің бір бөлігі.

Күзет қарауылдарын жобалау құны әрбір күзет қарауылы үшін 884 434 теңгені құрайды және шахтаның немесе қапталдық қосалқы оқпанның (шурфтың) кешені жобасының (жұмыс жобасының) құнына қосылады;

н) көмірдің (тақтатастың) өңделмеген және сұрыпталмаған кен массасын тиеу құрылғысы шахта үстіндегі ғимараттарда және құрылыстарда (олардың орналасқан жеріне қарамастан) болатын конвейерлік өнеркәсіптік көлікпен тұтынушыға жөнелту көзделетін шахтаны жобалау.

Тұтынушыға бастапқы өңделген және сұрыпталған тау-кен массасын, немесе тауарлық көмірді (тақтатасты), сондай-ақ өнеркәсіптік көліктің басқа да түрімен жөнелту кезінде шахтаны жобалау құнына осы бөлімнің 3-тарауының 1702-0403-01-кестесінің бағалары бойынша айқындалған бастапқы шикізатты қабылдау мен дайындаудың және дайын өнімді өнеркәсіптік көлік құралдарына тиеудің тиісті кешендерін жобалау құны қосылады;

о) желдеткіштер ғимаратын, бас және айналма арналарды, диффузорды, ауа ортасын кері айналдыруға арналған құрылғыны және сору будкасының ғимаратын қамтитын қапталдық қосалқы оқпанның (шурфтың) жанындағы айдағыш, сорғыш, айдамалы-сорғылы, тура ағынды, қайтарымды ағынды және қиыстырылған шахталық желдету қондырғысын жобалау;

п) шахтаның желдету қондырғысы ғимаратына қоса салынатын қапталдық қосалқы оқпанның (шурфтың) жанынан калориферлік қондырғыны жобалау.

Калорифер ғимараты және оқпанға ауа беруге арналған арналары бар, жеке тұратын калориферлік қондырғыны жобалау кезінде 1702-0401-01-кестесі 10-позициясының бағасына 1,1 коэффициенті қолданылады;

р) шахтаның кешенді құнына шахта жынысының сыртқы үйіндісін және әкімшілік-тұрмыстық кешенді қоспастан, шахтаны жобалау.

Жынысты автомобильмен және аспалы темір арқанды өнеркәсіптік көлікпен жеткізу кезінде сыртқы үйіндіні жобалау құны 1702-0401-01-кесте 11-позициясының бағасы бойынша айқындалады.

Жынысты үйіндіге темір жол көлігімен жеткізу кезінде 1702-0401-01-кесте 11-позициясының бағасына 1,1 коэффициенті, ал конвейерлік көлікпен жеткізу кезінде – 1,3 коэффициенті қолданылады.

Жынысты үйіндіге гидравликалық көлікпен жеткізу және табиғи жағдайларды пайдалана отырып немесе топырақпен аударуды қолдана отырып гидроүйінді жасаған кезде сыртқы гидроүйіндіні жобалау құны 1702-0401-01-кесте 11-позициясының бағасы бойынша

айқындалады (пульпеткізгіштің бөлу учаскелерін және гидравликалық өнеркәсіптік көлікті жобалау бағасына енгізілген гидрокөлікті айналмалы сумен жабдықтау жүйесін жобалау құнын ескерместен).

Сүзгіш және қоршау дамбаларын және гидроүйіндінің басқа да арнайы гидротехникалық құрылыстарын жобалау құны Бөлімнің тиісті кіші бөлімдеріне сәйкес айқындалады және оны жобалау құнына қосылады.

Әкімшілік корпус, тұрмыстық корпус, шам кешені және жүру галереясы құрамындағы әкімшілік-тұрмыстық кешенді жобалау құны 1702-0401-01-кестенің 12-позициясы бойынша айқындалады.

1702-0401-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатас қазуды жерасты тәсілімен жүргізетін кәсіпорындар және жекелеген өндірістер

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Көмір (тактатас) шахтасы, тау-кен массасы бойынша қуаты жылына 2300-ден 5220 мың т дейін	мың т/жыл	127 186	250	0,205	1,1
2	Қапталдық қосалқы оқпан (шурф) кешені, технологиялық көтерусіз	кешен	39 827	-	0,195	1,038
	Қапталдық қосалқы оқпан (шурф) кешені, оқпанының тереңдігі:	-	-	-	-	-
3	Қапталдық қосалқы оқпан (шурф) кешені, оқпанының тереңдігі 600 м дейін кезіндегі технологиялық көтерумен	кешен	70 646	-	0,279	1,055
4	Қапталдық қосалқы оқпан (шурф) кешені, оқпанының тереңдігі 600 м астам кезіндегі технологиялық көтерумен	кешен	143 781	-	0,185	1,037
5	Гидравликалық толтыру кешені, толтыру (тұндыру) материалының саны 1000-нан 2000 т/тәулікке дейін	т/тәулік	5 393	15	0,506	1,101
6	Шахтаның (блоктың) газсыздандыру кешені, каптирленетін метан-ауа қоспасының мөлшері 125-тен 300 м³/мин дейін	м³/мин	1 055	188	0,442	1,091
7	Шахтаның ауасын баптау кешені, суық беру өнімділігі 8-ден 14 МВт дейін	МВт	88 710	6 219	0,28	1,051
8	Шахтадағы қысылған ауаның желісі, ұзындығы 5-тен 33 км дейін	км	493	143	0,171	1,039
9	Қапталдық қосалқы оқпанның (шурфтың) шахталық желдету қондырғысы, ауа бойынша өнімділігі 340-тан 540 м³/с дейін	м³/с	16 073	34	0,066	1,013
10	Қапталдық қосалқы оқпанның (шурфтың) жанындағы калориферлік қондырғы, ауа бойынша өнімділігі 140-тан 285 м³/с дейін	м³/с	3 165	26	0,171	1,122
11	Шахта жынысы мен байыту қалдықтарының сыртқы үйіндісі, алаңы 25-тен 100 га дейін	га	2 584	88	0,188	1,038
12	Шахтаның әкімшілік-тұрмыстық кешені, еңбекшілерінің саны 1000-нан 3200 адамға дейін	адам	47 876	19	0,022	1,004

Ескертпелер:

1 6-позицияның бағасы шахтаның табиғи газға молдығы $q=50$ м³/мин болғанда белгіленеді. Газға молдылық 50-ден 15 м³/мин дейін болатын аралық мәндер кезінде 6-позицияның бағасына 1,2 коэффициенті қолданылады.

2 9-позицияның бағасы желдеткіштің $N=200$ даПа депрессиясы кезінде белгіленген. Депрессия 200-ден 550 даПа астам болатын аралық мәндер кезінде 9-позицияның бағасына 1,6 коэффициенті қолданылады.

3 11-позицияның бағасы үйінді берік негізге орнатылған кезде белгіленген. Әлсіз негіз кезінде 11-позицияның бағасына 1,1 коэффициенті қолданылады. Бағада үйіндіден нөсер ағындарын алу және тазарту және тау шұңқырларын жобалау жөніндегі іс-шаралар ескерілген.

4 4-позицияның бағасы осы тараудың 3-тармағында келтірілген қазу тереңдігі 600 м астам факторы ескеріліп белгіленген.

1702-0401-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары жерасты тәсілімен қазылатын жекелеген объектілер

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Шахтаның (блоқтың) желдету желісі	шахта (блок) желісі	12 327	-	0,429	1,086
2	Желінің ұзындығы 30-дан 80 км дейін болғанда шахтаны өрттен қорғау және кешенді шаңсыздандыру	км	1 055	1 409	0,066	1,013

2-тарау Көмір және жанғыш тақтатас кен орындарын қазудың ашық тәсілі

1 Осы тарауда кен өндіретін кәсіпорындардың – көмір және тақтатас разрездерінің және кен орнын ашық тәсілмен қазатын жекелеген өндірістердің (1702-0402-01-кесте), сондай-ақ кешеннен тыс жобалауға арналған жекелеген объектілердің (1712-0402-02-кесте) құрылысын салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу бағалары келтірілген.

2 Тараудың бағаларында мыналарды:

- гидромеханикаландыру тәсілімен аршылатын жыныстарды қазу жұмыстарын;
- кен массасын бастапқы өңдеу және сұрыптап бөлу және тауарлық көмір (тақтатас) алу жөніндегі өндірістерді және өнеркәсіптік көліктің (карьерішіліктен басқа) тиеу-қоймаға қою кешендерін;
- байыту және брикеттік фабрикалар мен өндірістерді;
- осы тараудың разрездері мен басқа да өндірістеріне ағымдағы жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау объектілерін;
- кен орнын қазу үшін кен бұрмасын беруге рұқсатты ресімдеуге арналған негіздемелік құжаттаманы (кен бұрмасының жобасын);
- карьерішілік көлікке арналған мұнай өнімдерінің қоймасын;
- разрез қосалқы машиналарының автобазасын жобалауға жұмсалатын шығындар ескерілмеген.

Санамаланған жобалау жұмыстарының құны осы кіші бөлімнің және Бөлімнің тиісті тараулары бойынша қосымша айқындалады.

3 Бағада мыналар көзделеді:

а) кен орнының күрделі тау-кен-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларында ашық тәсілмен қазу объектілерінің құрылысын салу: разрездің тереңдігі қоса алғанда 250 м кезінде; өзгермелі қуатпен және күрделі ішкі құрылысымен немесе орналасуының бұзылуымен қабаттар саны 5-тен асқанда (геологиялық белгілердің екінші тобы бойынша); жер беттік белгілердің 100 м дейін ауытқуымен.

Разрездің құрылысын қарапайым тау-кен-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларда мынадай факторлардың жиынтығымен салу кезінде: орналасуы бұзылмаған немесе аз бұзылған берік қуаттағы бір қабатты қазу, аршылатын алаң бетінің тегіс рельефі, разрездің тереңдігі 100 м кем болғанда 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позициясы бағаларына және 1702-0402-02-кестесінің бағаларына 0,85 коэффициенті қолданылады.

Разрездің құрылысын аса күрделі тау-кен-геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларда – мынадай күрделендіруші факторлардың бірі бар күрделі жағдайларда салу кезінде: разрездің тереңдігі 250 м астам; қабаттар қуатының және ішкі құрылысының күрт өзгермелілігі немесе олардың орналасуының қарқынды бұзылуы; аршылатын алаң беті белгісінің 100 м астам ауытқуы; карстық сулардың, борпылдақ қатпардың (қорыстың), әлсіз жыныстарда берік қосылыстардың болуы; жерасты тәсілімен ішінара игерілетін қабаттардың немесе әртүрлі сападағы қабаттардың – кокстелетін және энергетикалық көмірдің болуы; эндогендік өрттердің болуы кезінде 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позициясы бағаларына және 1702-0402-02-кестесінің бағаларына әрбір фактор үшін 1,2 коэффициенті қолданылады.

Қабаттардың саны бестен астам болғанда 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позициясы бағалары және 1702-0402-02-кестесінің

бағалары бойынша айқындалған жобалау-сметалық құжаттаманың геологиялық, тау-кен-технологиялық және тау-кен-механикалық бөліктерінің құнына құнды ұсынылатын бөлу кестесі бойынша мынадай:

- қабаттар саны 6-дан 10 дейін болғанда – 1,2;
- қабаттар саны 11-ден 20 дейін болғанда – 1,4;
- қабаттар саны 20-дан астам болғанда – 1,6 коэффициенттері қолданылады;

б) мамандандырылған карьерішілік автомобиль немесе конвейерлік өнеркәсіптік көлік қолданылатын қазудың көліктік жүйесі кезінде разрезді жобалау.

Аршылатын жыныстарды ішкі үйіндіге экскаватормен аударудың көліктік жүйесін қолдану кезінде 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позициясының бағаларына 0,8 коэффициенті қолданылады.

Қазудың күрделілендірілген көліксіз, көліктік-аудармалы және қиыстырылған жүйелерін, сондай-ақ карьерішілік темір жол немесе қиыстырылған өнеркәсіптік көлік (циклды-ағындық технологияны қоса алғанда) қолданылатын көлік жүйесін қолдану кезінде 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позициясының бағаларына 1,2 коэффициенті қолданылады.

Циклды-ағындық технологияны пайдалану кезінде разрезді жобалау құнына 1702-0402-01-кестенің 3-позициясының бағасы бойынша белгіленген ұсақтау-қайта тиеу пункттерін (ҰҚП) жобалау құны қосылады. Құрамы және тағайындалуы бойынша бірнеше бірдей ҰҚП әзірленген жағдайда, екінші және одан кейінгі ҰҚП жобалаудың құны 1702-0402-01-кестенің 3-позициясының бағасына 0,35 коэффициенті қолданыла отырып айқындалады.

в) аршудың орташа коэффициенті $1,6-2,5 \text{ м}^3/\text{т}$ разрезді жобалау.

Аршудың басқа коэффициенттері кезінде 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позициясының бағаларына жоба (жұмыс жобасы) сатысында мынадай:

- аршудың орташа коэффициенті $1,6 \text{ м}^3/\text{т}$ кем болғанда – 0,95;
- аршудың орташа коэффициенті 2,5-тен $4 \text{ м}^3/\text{т}$ дейін болғанда – 1,15;
- аршудың орташа коэффициенті 4-тен $6 \text{ м}^3/\text{т}$ дейін болғанда – 1,2;
- 1,25 – аршудың орташа коэффициенті $6 \text{ м}^3/\text{т}$ астам болғанда – 1,25 коэффициенттері қолданылады;

г) ішкі үйіндіде аршылатын жыныстар орналасқан разрезді жобалау.

Аршылатын жыныстар сыртқы үйіндіде орналасқан кезде разрезді жобалау құнына 1702-0402-01-кестенің 4-позициясының бағасы бойынша айқындалған мамандандырылған карьерішілік автомобиль көлігімен шығарылатын сыртқы үйіндіні жобалау құны қосылады (бульдозерлік үйінділер).

Аршылатын жыныстарды карьерішілік темір жол (экскаваторлық үйінділер) немесе конвейерлік өнеркәсіптік көлікпен жеткізу кезінде 1702-0402-01-кестенің 4-позициясының бағасына 1,2 коэффициенті қолданылады.

д) табиғи желдетілетін разрезді жобалау.

Разрезді мәжбүрлеп желдету қажеттігі кезінде 1702-0402-01-кестенің 1 және 2-позицияларының бағаларына 1,05 коэффициенті қолданылады;

е) разрез алаңының шекараларында карьер суы сутөкпесінің және жер бетіндегі су бұрғыштың әртүрлі құралдары және схемалары бар разрезді жобалау;

ж) тау-кен жұмыстарымен бүлінген жерлерді тау-кен-техникалық өңдеуге жұмсалатын шығындарды ескермей разрезді жобалау.

Тау-кен-техникалық өңдеуді жобалау құны мынадай жағдайлар ескеріле отырып, 1702-0402-01-кестенің 5-позициясының бағасы бойынша айқындалады: бүлінген жерлердің салыстырмалы түрдегі тегіс беті; алаңның батпақтану мүмкіндігінің жоқтығы; уытты топырақтың болмауы; 2 аспайтын учаскелердің немесе оқшау алаңдардың жоқтығы.

Күрделендіруші факторлар: белгілері 5 м астам ауытқитын үйінділер; жоспарлаудан кейін бетінің белгілері сулы жыныс қабатының бастапқы деңгейінен төмен алаңдар; уытты топырақтар; үш немесе одан да көп оқшауланған учаскелер (алаңдар) болған кезде; құрылыс алаңында жұмыс істеп тұрған (қайта жөнделіп жатқан, пайдаланылған) разрездердің болуы кезінде 5-позицияның бағасына әрбір фактор үшін 1,14 коэффициенті қолданылады;

з) тұтынушыға көмірдің (тақтатастың) өңделмеген және сұрыпталып бөлінбеген кен массасын тікелей карьерішілік көлік құралдарымен жөнелту көзделетін разрезді жобалау

Тұтынушыға бастапқы өңделген және бөліп сұрыпталған кен массасын, не тауарлық көмірді (тақтатасты), сондай-ақ өнеркәсіптік көліктің басқа түрімен жөнелту кезінде, разрезді жобалау құнына 1702-0403-01-кестенің бағалары бойынша айқындалған бастапқы шикізатты қабылдау мен дайындаудың және дайын өнімді өнеркәсіптік көлік құралдарына тиеудің тиісті кешендерін жобалау құны қосылады.

и) разрезді: әкімшілік корпус, тұрмыстық корпус және жобалау құны 1702-0402-01-кестенің 6-позициясының бағасы бойынша қосымша айқындалатын жүру галереясы құрамындағы әкімшілік-тұрмыстық кешеннің кешендік құнына қоспастан оны жобалау.

1702-0402-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары ашық тәсілімен қазылатын кәсіпорындар мен жекелеген объектілер

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
	Көмір (тақтатас) разрезі, тау-кен массасы бойынша қуаты:	-	-	-	-	-
1	Көмір (тақтатас) разрезі, тау-кен массасы бойынша қуаты 1-ден 15 млн. т/жылға дейін	млн. т/жыл	259 813	7 745	0,257	1,051
2	Көмір (тақтатас) разрезі, тау-кен массасы бойынша қуаты 15-тен 50 млн. т/жылға дейін	млн. т/жыл	299 355	5 109	0,257	1,051
3	Ұсақтау-қайта тиеу пункті (ҰҚП), өнімділігі 600-ден 1300 м³/сағ дейін	м³/сағ	4 220	13	0,143	1,03
4	Аршылатын жыныстардың сыртқы үйіндісі, аршу жұмыстарының көлемі 10-нан 50 млн. м³/жылға дейін	млн. м³/жыл	6 922	2 300	0,19	1,04
5	100-ден 5000 га дейінгі алаңда тау-кен жұмыстары бұзған жерлерді тау-кен-техникалық өңдеу	100 га	52 332	810	0,27	1,055
6	Разрездің (байыту немесе брикет фабрикасының) әкімшілік-тұрмыстық кешені, еңбекшілерінің саны 1000-нан 3200 адамға дейін	адам	35 678	14	0,07	1,016
Ескертпелер – 4-позицияның бағасы сыртқы үйіндінің берік негізге орналасуы кезінде белгіленген. Негіздің әлсіздігі кезінде 4-позицияның бағасына 1,1 коэффициенті қолданылады.						

1702-0402-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары ашық тәсілмен қазылатын жекелеген объектілер

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
1	Тау-кен массасы бойынша қуаты 1-ден 15 млн. т/жылға дейінгі разрезді ашу	млн. т/жыл	165 223	4 483	0,18	1,03
2	Тау-кен массасы бойынша қуаты 1-ден 50 млн. т/жылға дейінгі карьерішілік су төкпесі	млн. т/жыл	10 241	246	0,17	1,034

3-тарау Көмірді және жанғыш тақтатасты байыту және брикеттеу

1 Осы тарауда кенді қайта өңдейтін кәсіпорындардың – көмір және тақтатас байыту мен көмір-брикеттік фабрикалардың және құрылыс салу мен пайдаланудың нақты жағдайларына байланысты фабрикалардың құрамын толықтыратын жекелеген өндірістердің (1702-0403-01-кесте), сондай-ақ кешеннен тыс жобалауға арналған жекелеген объектілердің (1702-0403-02-кесте) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге белгіленетін бағалар келтірілген.

2 Тараудың бағаларында мыналарды:

- электр, магниттік, термомагниттік, радио- және рентгенометриялық алаңда көмірді (тақтатасты) құрғақ байыту өндірістерін; көмірді (тақтатасты) нысаны, үйкелістігі немесе көлемдік беріктігі бойынша байытумен;
- майлы және үлдірлі флотацияны;
- конфузорлық-диффузорлық аппараттардағы және қайнаулы қабаты бар аппараттардағы байыту өнімдерінің кептірмелерін, бір мезгілде жіктелген (термо-аэрожіктеме) кептірмелерді;
- күлі көп шламдарды немесе сүзгі-персстердегі қалдықтарды сүзгіден өткізуді;
- бір мезгілде түсу көлеміне сәйкес келетін өнімділігі бар конвейерлік немесе пневматикалық іріктеу тракттары қолданылатын сусымалы жүктерге арналған сыйымдылықсық қабылдау құралдарын;
- темір жол вагондарынан сусымалы жүкті механикалық немесе пневматикалық түсіру құралдарымен: грейферлермен, түсіргіштермен, пневмотүсіру құралдарымен және т.б. көмір (тақтатас) үшін қабылдау құрылғыларын;
- темір жол көлігімен жеткізу кезіндегі реагенттер қоймасынан басқа ыдысты-дара жүктерге арналған қабылдаушы қойма құрылыстарын;
- жүкті аспалы арқанды немесе құбырлы контейнерлік пневматикалық өнеркәсіп көлігімен жеткізу кезінде көмір (тақтатас) үшін қабылдау және бөлу құрылғыларын;
- арнайы орталау машиналары, құрылғылар мен қондырғылар пайдаланылатын орталау қоймаларын;
- қатып қалған және жатып қалған жүктердің сусымалылығын қалпына келтіруге арналған құрылғыларды: механикалық қопсытқыштарды, жүкті механикалық қопсыту мен жылытуды орындайтын қиыстырылған құрылғыларды, сондай-ақ жылу құрылғыларын – жылытқыштарды;
- темір жол құрамын жүк қалдықтарынан тазартуға арналған жеке тұратын құрылғыларды: вагон таразыларын, жүктердің қатып қалуының және жабысып қалуының алдын алуға арналған құрылғыларды, сынау пункттері мен арнайы арналған жолда орналасқан басқа да қондырғыларды;
- автомобиль және темір жол өнеркәсіптік көлік құрамындағы мамандандырылған жылжымалы құраммен тасымалданатын сұйық өнімдердің құймалы-төгілмелі құрылғыларын;
- термобрикеттік және термо-көмір фабрикаларын;
- ылғалдылығы жоғары қоңыр көмірді термоаэро жіктеу жөніндегі өндірістерді;
- брикеттеу кезінде лигносульфонаттар мен мұнай битумдарын қолданумен байланысты құрылыстар мен қондырғыларды;

- арнайы қатарға жинағыштармен және қатарға тиегіштермен жабдықталған брикеттің қойма құрылыстарын;
- көмірге, тақтатасқа және брикеттерге арналған орталық (топтық) тиеу-қоймалау кешендерін;
- осы тараудың фабрикалары мен басқа да өндірістеріне жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау объектілерін;

- байыту өнімдерін жергілікті қажеттіліктерге жөнелтуге арналған объектілерді;

- арнайы тәсілдермен қазан шұңқырлар қазу құрылыстарын жобалауға жұмсалатын шығындар ескерілмеген.

Санамаланған жобалау жұмыстарының құны осы кіші бөлімнің тиісті тараулары немесе Бөлімнің кіші тараулары бойынша айқындалады.

3 Бағаларда мыналар көзделеді:

а) қайта өңдеуде көмірдің (тақтатастың) бір маркасы болған кезде 1702-0403-01-кестенің объектілерін жобалау.

Өндірісте көмірдің (тақтатастың) екі немесе одан да көп маркасы бір мезгілде айналымда болған кезде 1702-0403-01-кестенің бағаларына әрбір марка үшін жеке 1,3 коэффициенті қолданылады;

б) құрамына төмендегідей негізгі өндірістік кешендер, процесттер және операциялар кіретін байыту фабрикаларын жобалау:

